

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

БӘЙТЕРЕК

ОҚУЛЫҚ

9-сынып

2-бөлім

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

Все права защищены.
Незаконное
распространение и печать
преследуются по Закону
об авторском праве (ст. 198
УК РК от 100 МРП до 7 лет
лишения свободы)

Көкжиек-Горизонт
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева

Қ 17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған. 2-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2019. — 152 б.

ISBN 978-601-7832-93-3
2-б. — 2019. — 152 б.
ISBN 978-601-7832-95-7

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-93-3 (жалпы)
ISBN 978-601-7832-95-7 (2-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2019

Құрметті жас дос!

Міне, сен енді 9-сыныпқа аяқ бастың. 8-сыныпта «Бәйтерек» сөзінің «зәулім ағаш», «өмір ағашы» деген мағынаны білдіретінін түсінген едің. Сен бастауыш сыныптан бастап, өз еліңнің мемлекеттік тілін үйреніп келесің. 9-сыныпта «Бәйтеректің» ең басына шығасың. Қазақ тілін жан-жақты меңгеріп, сауатты сөйлеп, жаза білуің қажет. Өйткені сен «зәулім ағаштың» басына шықтың.

Биылғы оқу жылында «Қазақ жазуының даму жолы», «Жолың болсын, жолаушы», «Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі», «Заң — қоғамның тірегі», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні — тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы», «Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары», «ЭКСПО-2017 — Қазақстан белесі», «Биотехнология жаңалықтары», «Болашақ энергия көздері», «Алаш идеясы мен қайраткерлері», «Жаһандық мәселе: демография», «Роботтар мен киборгтар әлемі», «Қазақстандағы туризм және экотуризм» тақырыптары аясында түрлі мәліметтермен танысасың. Өз еліңнің тарихы, мәдениеті, ұлы тұлғалары және т.б. туралы тереңірек білесің.

«Күлтегін» жыры, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Н. Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» арқылы қазақ халқының өткені мен бүгінгі тарихымен танысасың.

Абай Құнанбайұлы, Мұқағали Мақатаев, Қасым Аманжолов, Медеу Сәрсек, Маралтай Ыбыраев, Жүніс Сахиевтің шығармаларын оқып, тәлім-тәрбие аласың.

Дидахмет Әшімханның «Бес арыс» еңбегі арқылы алаш қайраткерлерінің қазақ елі үшін қандай еңбек сіңіргені туралы білетін боласың.

Оқулықтағы түрлі тапсырмаларды орындай отырып, қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға төселе түсесің. Қызық тапсырмалар мен жағдаяттар қазақ тілінің құпия сырларын меңгеруге жетелейді.

Білім жолындағы талабың сәтті болсын!

Жаһандану және «ЭКСПО»

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;
- әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екіпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу;
- сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу;
- мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау;
- мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып, сыни тұрғыда баға беру;
- мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу;
- тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу;
- ыңғайластық және қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша мәтін мен жазба жұмыстарда орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

ЖАҢА СӨЗДЕР

алдыңғы, қатарлы, амбебап, бетбұрыс, нағыз (бәсеке)

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.

- Қатар жүретін жаһандану жағымды, жағымсыз әсерлері құбылыс.
- Бірігуді көздейді жалпы әлем халықтарының жаһандану.
- Мәселелерді жаһандану үрдісі жалпыадамзаттық тудырады.
- Күнделікті тіршілігіне тұрмыстағы жаңалықтар адамдардың өзгеріс әкелді.
- Адамдар қағаз кітаптардың орнына пайдаланып жүр электронды оқулықтарды қазір.
- Ғаламдық ойландырып отыр экология мәселелері бүгінде бүкіл әлемді.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Жаһандану» дегенді қалай түсінесің?
2. Еліміздегі жаһандану үдерісіне қандай мысал келтіре аласың?
3. Жаһандану үдерісінің жағымды әсерлері қандай?
4. Жаһандану үдерісінің жағымсыз әсерлері туралы не айтасың?

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ». Сызбадағы термин сөздерге қатысты сұрақтарға жауап бер:

1. **Қайда?** Бұл сөздер саған таныс па? Қайда кездестірдің?
2. **Не үшін?** Өз тәжірибеңде оларды не үшін қолдандың?
3. **Қандай?** Сабақта бұл терминдер қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Салыстыр!». «Жаһандану» және «ЭКСПО» ұғымдарына байланысты салыстырмалы кесте жаса.

Жаһандану	Ортақ белгілері:	ЭКСПО
	әлемдік үдеріс	
	бәсеке	

ТІЛДІК БАҒДАР

Ыңғайластық және қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар

Жалғаулықтар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестері мен бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әрқилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болады. Жалғаулық шылаулар «жалғаулықтар» деп аталады. Мысалы: Қыс **пенен** жаз, күн **менен** түн, тақ **пенен** жұп, жақсылық пен жамандық болды сегіз (Абай Құнанбайұлы) дегендегі пенен, менен, пен жалғаулықтары я бұрынғы, я соңғы сөзге ғана емес, екі жағындағы сөздердің екеуіне де бірдей қатысты болып, оларды бір-бірімен жалғастыру үшін қолданылып тұр.

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Ондай мағыналық қатынастар:

1. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *мен (бен, пен, бенен, пенен), да (де, та, те) және, әрі.*
2. Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да.*

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі ойды анықта.

Пікіріңді дәлелде.



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мазмұны бойынша жоспар құр.

Мен де, сен де Қазақстан алдыңғы қатарлы ел болуы үшін қызмет етуіміз керек. Қазіргі заманғы әмбебап адам болуды үйренемін. Дегенмен қоғамда, ғылымда үлкен бетбұрыс жасау оңай емес. Ол үшін терең білім қажет. Сонда әрі елін сүйген нағыз азамат боламын, әрі «ЭКСПО» секілді жаһандық бәсекеде жеңемін!

«Жаһандану» дегеніміз — бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. «Жаһандану» сөзі ағылшын тіліндегі «globalization» сөзінен аударғанда, «ғаламдық», «жалпы әлемдік» деген мағынаны білдіреді.

«Жаһандану» деген термин ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап қолданысқа енген.

Жаһандану — пайдасы мен зияны қатар жүретін үдеріс. Пайдасы: экономиканың, ғылым мен техниканың дамуына жол ашылды, халықаралық ынтымақтастық кеңейді. Басқа елдермен сауда-саттық дамыды. Ғылымда жаңалық көптеп ашыла бастады. Адамдар интернет арқылы көп дүниені оқып-біліп жатыр. Жастарымыз ағылшын тілін меңгеру арқылы шетелдік ғалымдардың техника саласындағы ғылыми еңбектерімен таныса алады. Көптеген жастарымыз шетелде білім алып жатыр және т.б.

Жаһандану тұрмысымызға жаңалықтар әкелді. Күнделікті тұрмысымызда емін-еркін пайдаланып жатқан техникалық зат көп. Германия мен Америкадан шыққан жеңіл мәшине, үйіміздегі Ресейдің тоңазытқышы, Оңтүстік Кореядан шыққан шаңсорғыш, Жапонияда шығарылған магнитофон, кіржуғыш, ыдыс-жуғыш мәшинелер және т.с.с.

Жаһандану — барлық жерде жүріп жатқан үрдіс. Ол — бәсеке. Бәсеке болған жерде даму болады. Жаһандануда бәсекеге қабілетті ел ғана жеңеді. Ал бәсекеге қабілетті ел болу үшін білім керек.

Интернет ресурстарынан

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтін бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,»;

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны «... ..» деп түсіндіремін»;

Үшінші сөйлем: «Оны мен «... ..» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын»;

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Үлгі: Жаһанданудың пайдасы — халықаралық ынтымақтастың дамуы.

Жаһанданудың пайдасы —

Жаһанданудың пайдасы —

Жаһанданудың пайдасы —


Жаһанданудың пайдасы —

Жаһанданудың пайдасы —

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ой бойынша пікірталас жүргізіңдер.

Жаһандану — барлық жерде жүріп жатқан үрдіс. Ол — бәсеке. Бәсеке болған жерде даму болады. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін білім керек.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннің соңғы бөлігіндегі автордың ойына не қосар едің? Жаһандану заманындағы өзіңнің басты арманың қандай? Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып, сыни тұрғыда баға бер. Сөзіңде ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды қолдан.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Өлеңдегі ақынның идеясы қандай? Өлең жоғарыда берілген мәтіннің қай бөлігіндегі ойды толықтыра алады? Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын сөздікке сүйеніп анықта.

Ғылымсыз адам — айуан.
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым тұл.
Ақылға еркін ой керек,
Матаудан ойды азат қыл.
Әдеттеніп ертерек,
Өрісін кеңейт жылма-жыл.

Шәкәрім Құдайбердіұлы



Шәкәрім Құдайбердіұлы

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

12-тапсырма. Сөйлемдерді келер шақ тұлғасында жаз.

Ғылым мен техниканың дамуына жол ашылды. Халықаралық ынтымақтастық кеңейді. Басқа елдермен сауда-саттық дамыды. Ғылымда жаңалық көптеп ашылды. Адамдар интернет арқылы көп дүниені оқып-білді. Жастарымыз ағылшын тілін меңгеру арқылы шетелдік ғалымдардың техника саласындағы ғылыми еңбектерімен таныса алады. Көптеген жастарымыз шетелде білім алды.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Сабақ бойынша «ЭКСПО-2017 — ел мәртебесі» тақырыбында шағын хабарлама жаса. Ресми стильдегі мәтін құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жаз. Ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды талғап жұмса.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан жаһандану кезеңінде үлкен бастамалар көтеріп отыр. Оның басты дәлелінің бірі — Елордамызда өткен Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі.

Мен де, сен де Қазақстан алдыңғы қатарлы ел болуы үшін қызмет етуіміз керек. Қазіргі заманғы әмбебап адам болуды үйренемін. Дегенмен қоғамда, ғылымда үлкен бетбұрыс жасау оңай емес. Ол үшін терең білім қажет. Сонда әрі елін сүйген нағыз азамат боламын, әрі «ЭКСПО» секілді жаһандық бәсекеде жеңемін!

Өмір бойы білім алу — бәсекенің талабы

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

көршілес, тығыз, билеуші, үкімет, ерікті, баламалы, шектес, демеуші

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Өмір бойы білім алу» дегенді қалай түсінесің?
2. Сен өмір бойы білім алғың келе ме?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Қанатты сөздерді мәнерлеп оқы, мағынасын таратып айт. Сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерді тап.

Білген адам білімді өмір бойы іздейді.

Ахмет Йүгінеки

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

Төле би



Аудиомәтін

Білім — бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сыйқылды, не істесе де, келістіріп істейді.

Ахмет Байтұрсынұлы

Білімнен жақсырақ қазына болмас,
Ол — бір тасқын бұлақ суы сарқылмас.

Әбу Абдаллах Рудаки

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3-тапсырма. Мәтінді тыңда, оқы.

Қазіргі таңда «өмір бойы білім алу» идеясы өмірге келді. Ол уақыт қажеттілігінен туып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», — деген болатын. Үздіксіз білім алу өмір талабына айналды. Табысты әрі қоғамға қажет болғысы келген адам өмір бойы оқиды.

Өмір бойы білім алу — үлкен міндет. Қазіргі жастар бір салада жұмыс істеумен шектелмейді, мамандық алмастырудан да қорықпайды. Олар түрлі салада жұмыс істеп, қабілеттерін сынауды жөн көреді. Бұл — жастарға ғана тән емес, заман талабына сай үлкендер де қосымша курстарды аяқтап, басқа мамандықтар бойынша жұмыс істеп жүр. Дегенмен дипломның саны емес, білімнің сапасы үлкен рөл атқарады. Олай болса, мамандық адамның қабілетін арттыруға бағытталуы керек.

Білім беру жүйесінде қызмет етіп келе жатқан мұғалімдер де өмір бойы білімдерін жетілдіруді қалайды. Өйткені барлық жаңашылдық мектептен басталады. Сондықтан мұғалім де жаңа заман талабына сай болуы керек. «Білген адам білімді өмір бойы іздейді», — деп Ахмет Йүгінеки айтқандай, өмір бойы білім алып, білімді болу — қоғамда өз орнын табудың кепілі. Білім — ешқашан жойылмайтын инвестиция. Оған салған барлық қаржы он, тіпті жүз есе қайтады. Білім алудан жалықпа, досым!

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтіннің мазмұнына сәйкес төмендегі сөз тіркестері мен сөйлемдердегі көп нүктенің орнына ыңғайлас немесе қарсылықты жалғаулықтарды қойып жаз.

... көршілес, ... шектес отырған мемлекеттер	ерікті түрде баламалы энергия көздерін ..., өзге ... ресурстарды табу
Достық ... бәсеке қатар жүріп келеді.	Олар бейбіт көршілес елдер, арасында бәсекелестік те бар.
өз бағыт-бағдарын ... даму жолын дұрыс анықтау	«ЭКСПО» шектес елдердің деңгейі ... білім жүйесін танытты.
Әрбір қоғам мүшесі өзін, елінің әлеуетін көтереді.	«ЭКСПО» шарты — жетістіктерді бағалау, ... оған бәсеке тән.
«ЭКСПО» — іскерлік ... дамудың көрсеткіші.	Ел үкіметі ... билеуші, ... демеуші бола ала ма?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: заман талабы, көршілес, шектес, даму, билеуші, үкімет, ерікті, баламалы, демеуші, деңгей.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра. Сөйлемдерден бастауыш пен баяндауышты тап.

Өмір бойы білім алу, мамандық алмастыру, әр салада қабілетін сынап көру, өзін мойындату.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөздерден сөйлем құра. Сөйлемді үлгідегі формулаға салып, айт. Тұрлаулы мүшелерді ата.

Үлгі: 1-сөйлем: 4Б — 2А — 4Г — 4В — 4Ә

№	А	Ә	Б	В	Г
1	білім алу	талабы	өмір бойы	қазіргі	заман
2	өмір бойы	іздейді	адам	білімді	білген
3	ешқашан	ұтылмайтын	білім —	инвестиция	жойылмайтын
4	әр салада	қорықпайды	жастар	сынаудан	өз қабілеттерін

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Өмір бойы білім алу — заман талабы» деген сөйлемнің мағынасын таратып айт. Бұл мәселеге қатысты өз көзқарасыңды білдір.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Үлгіге қарап, әр сөйлемге бірнеше сұрақ қой.

Үлгі: Үздіксіз білім алу басымдылыққа айналып отыр.

— Не басымдылыққа айналып отыр?

— Үздіксіз білім алу неге айналып отыр?

1. Табысты әрі қоғамға қажет болғысы келген адам өмір бойы оқиды.
2. Өмір бойы білім алу — заман талабы.
3. Қазіргі жастар бір саламен шектелмей, басқа салаларда да жұмыс істейді.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Бастауыш пен баяндауышты тауып, астын сыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» аттыжолдауындағы: «Өмір бойы әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деген сөздері ... болып отыр. Дегенмен дипломның саны емес, ... үлкен рөл атқарады.

Қажетті сөздер: білімнің сапасы, білім алу, Қазақстан халқына, өзекті.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Ойкөкпар: «Өмір бойы білім алу қажет пе?» деген тақырыпта пікірталас өткізіндер. Екі топқа бөлініңдер. Бірінші топ осы пікірдің жақтаушысы болсын, екінші топ даттаушысы болсын. Әр топ ойкөкпардың шарты бойынша ойларын дәлелдесін. Арнайы құрылған сарапшылар олардың пікірін талдап, жеңімпаз топты анықтасын.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Өз елімізде не басқа елде өмір бойы білім алып жүрген адамдар туралы не білесіңдер? Пікір алмасыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Өмір бойы білім алу — заман талабы. Қазіргі жастар бір саламен шектелмей, басқа салада да жұмыс істейді. Олар түрлі салаларда қабілеттерін сынауды жөн көреді.

Қазақстан — президенттік республика

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

Елбасы, мемлекет, ішкі/
сыртқы саясат, Мемлекет
басшысы, президенттік басқару,
Елбасының жолдауы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Оқып шығып, сөйлемнің бастауышын тап. Бастауышпен байланысқан сөздерді анықта.

1. Елбасы жастарға арнап жаңа спорт кешенін салғызды. 2. Мемлекет барлық мәселені өз қолына алды. 3. Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік ететін саяси ұйым. 4. Елбасының жолдауы бүгін теледидардан беріледі. 5. Президенттік басқару — мемлекеттік басқарудың бір нысаны. 6. Мемлекеттік істерді Мемлекет басшысы жүргізеді.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, қою қаріппен берілген сөздердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын тап.

Шаруашылық былтыр **мемлекетке** алты жүз мың тонна дән тапсырды. Елбасының берген тапсырмасы өз деңгейінде орындалды. **Президент** — мемлекеттің басшысы. Елбасымыз биыл халыққа жаңа **жолдауын** жариялайды. Президенттің міндеті — мемлекеттің **ішкі** және **сыртқы саясатын** айқындау, мемлекетті **басқару**.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздерге морфологиялық талдау жаса.

Басқару, мемлекетте, жолдауында, Елбасының.

Үлгі: **келеді** — етістік, **кел** — түбір, **е** — көсемшенің жұрнағы, **ді** — жіктік жалғауы (III жақ).

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтіннің мақсатын, қолданылу аясын, стилі мен сипатын анықта.

Президенттік республикада Президенттің өкілеттігі кең болады. Мемлекет басшысы — атқарушы биліктің де басшысы, сондай-ақ бас қолбасшы. Президент заң күші бар актілер шығарады, парламентті таратуға құқылы. Қазақстан да президенттік республикаға жатады. Президенттік республикада Президентті халық сайлайды.

Қазақ жері ұлттық аумақтарға емес, әкімшілік-аумақтық бөліністерге — облыстарға, қалаларға, аудандарға, ауылдарға бөлінеді. Олар бір орталыққа бағындырылады. Мемлекетке заңды түрде сайланған Президент басшылық етеді.

Президенттік республикада:

- парламенттен тыс Президент сайланады, билік қалыптасады;
- билік парламенттің алдында емес, Президенттің алдында жауап береді;
- мемлекет басшысының билігі, парламенттік республикадағы билікке қарағанда, кеңірек болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының «Президент» деп аталатын III бөлімі мемлекет басшысы ретінде Президенттің жаңа мәртебесін толық ашты. 2011 жылдың 3 ақпанындағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы заңға» сәйкес ҚР Президенті 5 жылға сайланады. Бір адам қатарынан екі реттен артық республика Президенті болып сайлана алмайды. Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

ҚР Конституциясының 51-1-бабынан

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс не дұрыс еместігін анықтаңдар.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Қазақстан — парламенттік республика.		
Президенттік республикада Президентті халық сайлайды.		
Мемлекет ұлттық аумақтарға бөлінеді.		
Әкімшілік-аумақтық бөліністерге облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық бөліністер жатады.		
ҚР Конституциясына сәйкес Президент 5 жылға сайланады.		
Президент қатарынан үш рет сайланады.		

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіннен публицистикалық стильде жазылған бөлікті тауып, көшіріп жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін бойынша өзіңе түсініксіз сөздермен сөздік құрастыр.

Үлгі: Республика — барлық билік белгілі мерзімге сайланған тұлғалардың қолына берілетін мемлекеттік биліктің түрі.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннің үшінші ойбөлігін публицистикалық стильге ауыстырып айт. *Билік, сайлау, басшы* сөздерін қатыстырып сөйлем құра.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздерден сөз тіркесін құра.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

Елбасы ...	мемлекет ...
басшылық ...	басқару ...
билік ...	саясат ...
сайлау ...	Президент ...
жолдау ...	халық ...

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Тақырыптарды байланыстырып не өзің қалаған тақырып бойынша Елбасыға хат жаз. Ұсыныс-пікіріңді білдір.

- Оқу-білім
- Денсаулық
- Мәдениет
- Спорт

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Президенттік басқару мен парламенттік басқару» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар. Бірінші топ президенттік басқарудың, екінші топ парламенттік басқарудың тиімділігін дәлелдеп, өз пікірлерін қорғасын.

Н. Ә. Назарбаев «Тәуелсіздік толғауы»

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

баянда, дау, тұрақтылық, өкілдік,
қауымдастық, тағайында,
тұжырымдама, тұрғыз

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Еуразия құрлығында қандай мемлекеттер орналасқан?
2. «Елдің тәуелсіздігі» дегенді қалай түсінесің?
3. Қазіргі заманда тәуелсіздігінен айырылған елдер бар ма?
4. Мемлекет қандай жағдайда тәуелсіздігінен айырылып қалуы мүмкін?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Топтық жұмыс. Тәуелсіз мемлекеттің белгілерін анықтап, кластер құрыңдар. Сыныпқа таныстырыңдар.

Тәуелсіз елдің
белгілері

ТІЛДІК БАҒДАР

Публицистикалық стиль

Мақсаты	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік амал-тәсілі
Қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау, көпшілікке әсер ету	Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар, мәжіліс, жиындардағы сөздер	Шақыру, үндеу, ақпарат көзі, нақтылық	Риторикалық сұрақтар, ақпараттың ресми қолданыстары, стильдік қайталау

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: баянда, дау, тұрақтылық, өкілдік, қауымдастық, тағайында, тұжырымдама, тұрғыз, дау.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтіннің мазмұнына сәйкес сұрақтар жаз. Жаңа сөздерді, ыңғайлас немесе қарсылықты жалғаулықтарды қолдан.



Аудиомәтін



5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Сұрақтарға жауап бер:

1. Мәтіннен қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді тап.
2. Осы сөздер етістіктің қай шағында тұрғанын анықта.

Тарихсыз болашақ жоқ. Ұлы далада күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған алып мемлекеттер болған. Алып кеңістікті ен жайлап, еркін билеп-төстеген айбарлы халықтар өмір сүрген.

Бүгінгі Қазақстан — сол бабалардың заңды мұрагері.

Адамзат тарихында қазіргі қалыптағы мемлекет үлгісі тек соңғы бірнеше ғасырда ғана пайда болды. Бұл кез халқымыздың бостандықтан айырылып, бодандыққа түскен мезетіне тап келді.

Көк түріктер мен Алтын Орданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы — біздің елдігіміздің түп-тамыры. Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың азаттық жолындағы сан ғасырлық арманын ақиқатқа айналдырды. Біздің буын жаңа тарихқа «Қазақстан Республикасы» деген атпен аяқ басып, жас мемлекетті әлемнің төріне оздырды.

Ұлан-ғайыр жері бар, ұлы мұратты елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы мен ұрпағы көз тіккен ұлы болашағы бар менің халқым — ұлы халық!

Тәуелсіздікті алу үшін қандай қажыр-қайрат керек болса, оны баянды ету үшін одан да зор қажыр-қайрат керек.

Табысқа тоқмейілсмей, кейінгі ұрпаққа кемел Қазақстанды табыстау — ортақ парыз. ХХІ ғасырдың сын-қатеріне төтеп беріп, ең дамыған елдердің біріне айналу — ортақ жауапкершілік.

Нұрсұлтан Назарбаев

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді қайталап оқы. Мақсатын, қолданылу аясын, стилі мен сипатын анықта.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөйлемдердің сыңарларын мағынасына қарай сәйкестендір.

1. Ұлы далада күллі Еуразия құрлығын уысында	а	айбарлы халықтар өмір сүрген.
2. Алып кеңістікті ен жайлап, еркін билеп-төстеген	ә	ұстаған алып мемлекеттер болған.
3. Бүгінгі Қазақстан —	б	біздің елдігіміздің түп-тамыры.
4. Қазақ хандығы —	в	сол бабалардың заңды мұрагері.

5.	Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың азаттық жолындағы сан	Г	жас мемлекетті әлемнің төріне оздырды.
6.	Біздің буын жаңа тарихқа «Қазақстан Республикасы» деген атпен аяқ басып,	Ғ	ғасырлық арманын ақиқатқа айналдырды.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Топқа бөлініп, тақырып бойынша 12-13 тірек сөзді теріп жазыңдар. А3 қағазына осы сөздерден гүлтізбек жасаңдар. Әр топ өз гүлтізбегіндегі сөздің мәнін түсіндіріп, тұсаукесер дайындасын.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдерін айтыңдар.

- Айбарлы халық —
- Азаттық жолында —
- Бодандыққа түсу —
- Төтеп беру —
- Төрге оздыру —
- Ақиқатқа айналу —

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Жақшадағы сөздерді қажетті тұлғада қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Ұлы далада алып кеңістікті ен жайлап, еркін (билеп-төстеу) айбарлы халықтар өмір сүрген. Бұл алып мемлекеттер күллі Еуразия құрлығын (уысында ұстау).

Көк түріктер мен Алтын Орда, Қазақ хандығы — біздің елдігіміздің (түп-тамыр).

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Пікіріңді таратып айт.

1. Ұлы далада ен жайлаған, күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған қандай алып мемлекеттерді білесің?
2. Бүгінгі Қазақстан — кімдердің, қандай мемлекеттердің мұрагері?
3. Көк түріктер мен Алтын Орда туралы не білесіңдер? Олардың біздің мемлекетімізге қандай қатысы бар?

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Жақшадағы екі нұсқаның қажеттісін жаз.

Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың азаттық жолындағы сан ғасырлық арманын (расқа айналдырды, ақиқатқа айналдырды). Біздің буын жаңа тарихқа «Қазақстан Республикасы» деген атпен (аяқ басып, жүріп) жас мемлекетті әлемнің (төріне шығарды, төріне оздырды).

Ұлы халықтың ұлан-ғайыр жері бар, (зор мақсатты, ұлы мұратты) елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы бар. Ұрпағы көз тіккен ұлы (болашағы, өмірі) бар халық — ұлы халық! Тәуелсіздікті баянды ету үшін зор (күш, қажыр-қайрат) керек.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Оймоншақ» топтық жұмысы. «Қазақстанды дамыған елге айналдыру үшін мен қандай үлес қосамын?» деген сұраққа әр топ мүшесі бір сөйлемнен айтып, мәтін құрайды. Сөйлем құрай алмаған оқушы ортаға шығып, ән айтады. Топтың құрамынан шығады.

ЕСТЕ САҚТА!

Көк түріктер мен Алтын Орданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы — біздің елдігіміздің түп-тамыры.

Ұлан-ғайыр жері бар, ұлы мұратты елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы мен ұрпағы көз тіккен ұлы болашағы бар менің халқым — ұлы халық!

«Қазақстан-2050» стратегиясы

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

күллі, ру, жекешелендір

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан Республикасының Президенті қандай қызмет атқарады?
2. Қазақстан — қандай мемлекет?
3. Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы — не?
4. Еліміздегі билік жүйесі қандай?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліндегі нұсқасымен сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1.	Президенттің жолдауы	а.	основал программу «Болашақ»
2.	мемлекеттік жастар саясаты	ә.	Послание Президента
3.	әлемдік деңгейдегі университет	б.	идея «Вечный язык Вечной страны»
4.	«Болашақ» бағдарламасын құрды	в.	интеллектуальная нация
5.	«Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» идеясы	г.	государственная молодёжная политика
6.	зияткер ұлт	ғ.	университет мирового уровня

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тірек сөздерді қолданып, бүгінгі сабақта қандай мәселе қозғалатынын болжап жаз. Сөйлемдерінде қарсылықты жалғаулықтарды қолдан.

Тірек сөздер: күллі, ру, жекешелендір, дау, шешім.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Тәуелсіздік бізге қалай келді?» тақырыбында парталас досыңмен диалог құр. Жаңа сөздерді, ыңғайлас немесе қарсылықты мәнді жалғаулықтарды қолдан.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша жоспар құр.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің 21 жылдығына орай халыққа «Қазақстан-2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» деген дәстүрлі жолдауын жариялады. Онда Елбасы жастарға былай деді:

Құрметті отандастар!

Мен сөзімді әсіресе жастарымызға арнағым келеді.

Бүгін мен жариялаған жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді.

Мен сіздерге — жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер.

Елбасы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым, «Болашақ» бағдарламасын құрдым.

Қазір мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде.

Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар — сіздердің ата-аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер.

Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз — ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы.

*ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың
Қазақстан халқына жолдауынан*

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәтін құра.

1. «Мәңгілік ел»	а.	стратегиясы	1. идеясы	а.	нығайту
2. демократияны	ә.	прагматизм	2. қауіпсіздікті	ә.	саясат
3. «Қазақстан-2050»	б.	патриотизм	3. бір	б.	кепілдіктер
4. мақсаттарға	в.	идеясы	4. сыртқы	в.	саясаты
5. қазақстандық	г.	дамыту	5. әлеуметтік	г.	мүдде
6. Президент	ғ.	ел	6. халыққа	ғ.	рухын
7. тұғырлы	д.	жеткізетін	7. экономикалық	д.	жолдайды
8. экономикалық	е.	жолдауы	8. еліміздің	е.	жарияланды

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» атты жолдауын оқы. Қазақстанның негізгі даму бағыттары қандай? Мәтіннен тауып, баянда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Сипаттама

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін бойынша жоспарлы конспект жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннің қай бөлігінде «Мәңгілік ел» идеясы айтылады? Мәтіннен тауып, баянда. Өз ойыңды айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді оқы. Әр сөйлемге сұрақ қой.

Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту, өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады.

Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтықтан оқытуды, онлайн режимінде оқытуды қоса отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді, құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз.

Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп, болашағы бар бағыттарды күшейту қажет.

Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту керек.

Кәсіпкерлікке бағдарланған оқу бағдарламаларын, білім беру курстары мен институттарын құру қажет.

*ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
Қазақстан халқына жолдауынан*

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сыныптасыңмен пікірталас құр.

Әлібек: Сен биыл Президенттің Қазақстан халқына арнаған жолдауын естідің бе?

Әнел: Иә, естідім. Менің ойымша, ... барлық мәселе қамтылған.

Әлібек: Неге олай ...?

Әнел: Себебі бұл жолдауда «Мәңгілік ел» идеясы, қалыптастыру жайында айтылған.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Жақшаны ашып, сөздердің қазақша баламасын жаз.

Елбасы жолдауы (опубликовано), стратегиямыз (излагается), даму жоспарлары (утвержден), мемлекеттік (управление), нақты міндет (намечены).

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша еркін конспект жаз.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан.

Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық.

«Қазақстан-2050» стратегиясы — осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.

Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін.

Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана біз «Мәңгілік ел» боламыз.

*ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
Қазақстан халқына жолдауынан*

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, толықтырып жаз.

1. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті
2. Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы
3. «Қазақстан-2050» стратегиясы
4. Бейбіт елде өмір сүру

АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. «Егер мен Президент болсам...» деген тақырыпта Елбасы жолдауындағы негізгі идеялар бойынша ойталқы ұйымдастырыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

17-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жаз-баша жауап бер.

1. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
2. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
3. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

ОЙТАРАЗЫ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-12-
сабақ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Аквариум». Рөлдік ойын. Жағдаят: «ЭКСПО-2017» көрмесінде жүрсің. Шетелдік журналист сұхбат беруінді өтінді. Осы жағдаятты парталас досыңмен көрсет. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- Сен үшін өмірдегі ең қымбат нәрсе — не?
- ...
- «Білім» дегеніміз — не?
- ...
- Білімді адам қандай болады?
- ...
- Жастар алған білімін немен ұштастыруы керек?
- ...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдаулары бойынша ой бөлісіңдер. Жолдау бойынша еркін конспект жазыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Мәңгілік ел — тәуелсіздіктің өмірлік философиясы» атты тақырыпта эссе жаз.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Топтық жұмыс. Жағдаят: «Тәуелсіздік толғауы» атты кеш өткізу тапсырылды. Кешті қалай өткізесіңдер? Топпен ақылдасып, кештің сценарийін дайындаңдар. Сынып ең үздік сценарийді таңдасын.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар».

Тақырып: «Өмір бойы білім алу — ел дамуының тетігі»

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	«Өмір бойы білім алу» ұғымы туралы айтады.	Жаңа білім туралы не білесің?
	Өмір бойы білім алудың артықшылықтары туралы айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Өмір бойы білім алудың қиындығын айтады.	Өмір бойы білім алған кезде қандай қиындықтар болуы мүмкін?
	Өмір бойы білім алудың экономиканы көтерудегі тиімділігін айтады.	Оның тиімділігі неден көрінеді?
	Өмір бойы білім алуға қатысты өзінің эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Қазақстанның ең басты идеясы — «Мәңгілік ел».

Биотехнология – Болашақтың ғылымы

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларды тыңдап, көтерілген мәселені анықтау;
- пікір білдіру;
- сызбаларда берілген ақпаратты салыстырып, бағалау;
- қорытынды жасау, өз ойыңды білдіру;
- мәліметтерді жинақтап, шағын мақала жазу дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

қышқыл, тұқым, тірі, тектес, ықпал

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлем құра.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Биотехнологияның қазіргі кезде адам өмірінде алатын орнын диаграмма арқылы көрсет. Ойыңды дәлелдеп айт.



ТІЛДІК БАҒДАР

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың шартын білдіретін сабақтастың түрін **шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз.

Шартты бағыныңқылы сөйлем **қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде? қайтпей? не етпей? қайтпейінше? не етпейінше?** деген сұрақтарға жауап береді.

Шартты бағыныңқылы сөйлемдердің жасалуы:

Етістік тұлғалары	Мысалдары
Шартты рай тұлғалы етістік.	Трансплантология саласы жақсы дамыса, донор күтіп жатқан көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға болады.
- <i>й</i> көсемшесі етістіктің болымсыз тұлғасына жалғану арқылы.	Жаңа ғылыми жұмыстар жүргізілмей, жақын арада жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.
Есімшеге жатыс септігі қосылуы арқылы.	Әлеуметтік маңызды отандық биотехнология өнімдерін дайындауда елдің биологиялық, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Биотехнология» терминін қалай түсінесің?
2. Күнделікті өмірде биотехнологияны қай саладан көруге болады?
3. «Ұлттық биотехнология орталығы» қай жылдан бастап жұмыс істейді?
4. Орталық қандай ғылыми зерттеулер жүргізеді?

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлемдерді шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.

Үлгі: «Биотехнология орталығы» өсімдік биотехнологиясы саласында көптеген жаңалық ашса, еліміздің өнеркәсібін дамытуға болады.

1. «Биотехнология орталығы» өсімдік биотехнологиясы саласында көптеген жаңалық ашты. 2. Орталық құрғақшылыққа, түрлі ауруларға төзімді бидайдың жоғары өнім беретін «Мирас», «Надежда», «Өлем» және «Бәйтерек» секілді тұқымдарын шығарды. 3. Қазақстанда алғаш рет құс тұмауына қарсы H5N вакцинасы әзірленді. 4. Қазақстан Республикасы — құс тұмауына қарсы өз вакцинасы бар елдердің бірі. 5. Ресей ғалымдарымен бірге қызылшаға қарсы алғаш рет микрокапсула түріндегі вакцина әзірленді. 6. Бұл вакцинаны нәрестенің 5 айлық кезінен бастап емдеуде пайдалануға болады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Стилін анықта. Тақырып қой.

Биотехнология — болашақтың технологиясы. Қазіргі күні дүниежүзі 95 маркалы бензинді қолданады. Бензиннің 10%-ын мұнайдан алынбайтын биоэтанол құрайды. Оның құрамында ауаны ластайтын зиян зат жоқ. Ол мұнай өніміне тәуелділікті азайтуға ықпал етеді.

«Биоэтанол» дегеніміз — өсімдіктен шикізаттан алынатын спирт. Бүгінгі таңда бұл спиртті құрамында қанты (мысалы, қызылша) мен крахмалы көп өнімдер мен бидайдан алады.

Бірақ ғалымдар бұдан бас тартып, биоэтанолды құрамында целлюлозасы көп өнімдерден, яғни қажетке жарамайтын, лақтырылатын сабан, ағаш діңі секілді материалдардан да ала бастады.

Егіс далаларында бос жатқан, өнімділікті азайтатын сабанды немесе тағамға пайдаланылмайтын, күтімді қажет етпейтін өсімдіктен шөптерді Қазақстан

даласында өсіруге болады. Болашақта олардан алынатын целлюлоза арқылы еліміздің жанар-жағармайға тәуелділігін толық жабуға болады.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырып қой. Негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжолдар	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

7-тапсырма. Дереккөздерден биотехнология саласындағы жаңалықтар туралы ақпарат жина. Жинаған ақпараттың бойынша кестені толтыр.

Тамақ өнеркәсібіндегі жаңалықтар	
Ауылшаруашылықтағы жаңалық	
Медицина саласындағы жаңалық	

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Биотехнология — болашақтың ғылымы» деген пікірмен келісесің бе? Пікіріңді айт.

Үлгі: Иә, келісемін, себебі Келіспеймін, себебі

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

9-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап бер.

1. Сен үшін сабақтың құнды жайттары қандай болды?
2. Бүгінгі үйренгенің болашақта қажет бола ма?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

ЕСТЕ САҚТА!

Биотехнология саласындағы жаңалықтар адам өмірін сақтап қалуға көмектесетінін білдім. Сондықтан «Биотехнология — болашақтың технологиясы» дегенге келісемін.

Қазақстандағы биотехнология

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

құнарлылық, көбей, дәрі-дәрмек

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша сипаттау мәтінін құра.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі идеяларды қысқаша жаз. Оларды таратып айт.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша 4 сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбаттас.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

1. Бүгін астанада Қазақстандағы биотехнология... дамыту мәселесі қарастырылды. 2. Биотехнология саласы... қызмет етіп жатқан мекемелер елімізде аз болса да, бар. 3. Елімізде ветеринарлық-профилактикалық және диагностикалық дәрі-дәрмек әзірлеп, өндіретін «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорны ауылшаруашылық мамандары... көмектесіп келеді. 4. «Антиген»



Аудиомәтін

ғылыми-өндірістік кәсіпорны 2001 жыл... 2017 жыл.... дейін 47 препарат әзір-
леп, өндіріс... енгізген.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Түсінгеніңді айт.

Біздің орталықтың ғалымдары гербицидке төтеп беретін бактериалды ген егілген мақтаның ерекше сұрпын жасап шығарды. Мұндай мақтаның сұрпын жетілдіру келешекте өнімділікті көбейтеді.

Бидайдың, картоптың жаңа сұрыптарын биотехнологиялық әдістердің көмегімен жасап шығарудамыз. Олар топырақтың сортаңдануына, құрғақшылыққа, зиянкестерге төтеп бере алады. Топырақтың құнарлылығын арттырады. Біз өсімдіктер мен жануарлардың ауруларын айқындау мақсатында диагностика жасаймыз. Медицина үшін диагностика әзірлейміз. Медицинада адам генетикасы саласында жүргізген зерттеуіміз көп.

Ерлан Раманқұлов

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіннің стилін анықта. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді теріп жазып, мағынасын сипатта. Түсіндірме сөздікті, kitar.kz сайты пайдалан.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Термин сөз	Сипаттама
Гербицид	Латын тілінде «herba» — «шөп», «caedere» — «жою» деген мағынаны білдіреді. Өсімдіктер мен егістіктегі арамшөпке қарсы қолданылатын химиялық зат.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. «Қазақстандағы биотехнология жаңалықтарының ел экономикасының дамуына тигізетін ықпалы» деген тақырыпта эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кестені дайындап, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш

тілдік құралдарды пайдалануға тырыс.

- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Аквариум». Жұптық жұмыс. Тақырып бойынша тележурналист пен биотехнолог маманның сұхбатын көрсетіңдер. Ол үшін ақылдасып, сұрақтарды жазыңдар. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
2. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
3. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанда биотехнология жақсы дамып келеді. Қазақ ғалымдары биотехнологиялық әдіспен желім ойлап шығарды.

Тағам биотехнологиясы

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

дерт, ұлпа, будандастыр, жылыжай, нәрлі, ашыт

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазіргі кезде Қазақстандағы биотехнология саласындағы зерттеулердің деңгейі қандай?
2. Қазақстанда биотехнология саласының мамандары жеткілікті ме?
3. Саған биотехнолог мамандығы ұнай ма? Не себепті?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, кестені толтыр.


Тамақтануға күніне қанша уақыт жұмсайсың?	Күнделікті өмірде тағамның қандай түрін пайдаланасың?	Не себепті бұл тағамдарды тұтынасың?	Достарыңа, таныстарыңа қандай тағамды жиі тұтынған дұрыс екенін айтасың?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Биотехнология практикада нелерді қолданады?
2. Ежелде сүт өнімдерін дайындауда биотехнологияны қолданған ба?
3. Қазіргі таңда зиянсыз тағам өнімдерімен қамтамасыз етуде биотехнологияны пайдаланудың рөлі қандай?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Ақпараттың дұрыстығын анықта.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Адамдар тағам өнімдерін өндіру үшін микробиологиялық үдерістерді бұрын қолданбаған.		
Биотехнология өндірісінде таза дақылды қолданғанда ғана сапалы өнім алуға болады.		
Қазіргі кезде нан өндіруде өте таза дақылдар қолданылады.		
Биотехнологияның көмегімен жылыжайда өсірілетін көгөністі будандастыру арқылы өте пайдалы, жоғары сұрыпты өнім алуға болады.		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Тағам өнеркәсібі биотехнологиясында **сүт қышқылды** ашыту сүт өнімдерін алуда, көгөніс консервілеуде, жем-шөп сүрлеуде қолданылады. Сүт қышқылы фармацевтикада, кондитерлік өндірісте, тері бұйымдарын жасауда, бояу, жуғыш ұнтақ шығаруда пайдаланылады.

Сүт қышқылды тағамдардың ішінде қымыз — бие сүтінің ашуы арқылы алынған нәрлі **өнім**. Қымыз — ағзаға оңай сіңетін сусын. Ондағы сүт қышқылы асқазан бездеріне әсер етіп, асқорытуды жақсартады, аздаған мөлшердегі спирт пен көмірқышқыл газы ағзадағы зат алмасу үдерісін күшейтеді. Қымыз көптеген **дертті** емдеуге көмектеседі.

Орыс ғалымдары А. Ф. Войткевич пен Е. Рунов 1934 жылы қымыздан сүт қышқылды таяқшаларды бөліп алған. Морфологиялық және биохимиялық құрамы жағынан олар болгар таяқшасына жатады.

Ж. Лесова

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжолдар	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөйлемдерді шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдерге айналдыр.

1. Қазіргі кезде қымыз биотехнологиясы жан-жақты зерттелуде. 2. Қымыздың ашуы ғалымдарды қызықтырып отыр. 3. Қымыздың құрамында «С» дәрумені өте көп. 4. Қымыз құрт ауруының алдын алады. 5. Онымен ауырған адамның тез жазылуына ықпал етеді. 6. Ашыған қымыз шөлді басады. 7. Қантамырды зиянды қалдықтардан тазартады. 8. Қымыз ашығанда пайда болатын сүт қышқылы астың жақсы қорытылуына көмектеседі.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Қымыз туралы ақпаратты пайдаланып, жарнама дайында.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Тағам өндірісінде биотехнологияны қолданудың пайдасы мен зияны» деген тақырыпта ойталқы өткізіңдер. Ойталқыда пікірлеріңді нақты фактілер арқылы дәлелдендер.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Репортер» ойыны. Сен журналиссің. Еліміздегі биотехнология саласындағы жаңалықтар туралы ақпарат дайында. Айт.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

ЕСТЕ САҚТА!

Қымыздың биотехнологиясы жан-жақты зерттеле бастады. Тамақ өнеркәсібі саласындағы биотехнология жаңалықтары өте көп.

Отандық медицинадағы биотехнологиялық жаңалықтар туралы білесің бе?

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

ізденіс, жасуша, кешенді, күрделі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мақал-мәтелді пайдаланып, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлем құра.

- Ауру — астан.
- Ауруын жасырған өледі.
- Аурудың алдын ал.
- Денсаулық кепілі — тазалық.
- Тәні саудың жаны сау.



Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде жауабы бар сұрақты белгіле. Сұрақтарға жауап бер.

- А) «НӘР» синбиотигі — қандай өнім?
- Ә) Ол нені нығайтады?
- Б) Қазақстанда қандай дәрі-дәрмек жасалған?
- В) Оның терапевтік тиімділігі дәлелденген бе?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты қысқаша жаз. Жазған ақпаратты пайдаланып, мәтіннің мазмұнын баянда.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңнен сұхбат ал.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Еліміздің медицина саласында діңгекті **жасушаның** қолданылуы — ең үлкен **жетістік**. Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары медицина саласына діңгекті жасуша алу әдісін ойлап тауып, **кешенді ізденіс** жұмыстарын жүргізуде.

Тұңғыш рет күйіктер мен жараларды емдеу үшін адам терісінен алынған жасушалардың жаңа түрлерін әзірледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сәйкес олардың **қауіпсіздігі** тексеріліп, Ұлттық ғылыми медицина орталығында клиникаға дейінгі сынақтардан өтті. Әзірлеп шығарылған әдіс негізінде **зақымдалған** тері қабатын қалпына келтіруге арналған жасуша трансплантандары алынады. Жақында Республикалық жедел медициналық ғылыми орталықта тұңғыш рет **жасанды** тері қолданылды. Бұрын аса ауыр әрі **күрделі** күйіктен адам өліп кетуі мүмкін болатын. Қазір теріні жамайды, соның нәтижесінде жараның жазылып кетуі екі есеге жылдамдайды.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінде айтылған өнім туралы хабарлама жаз.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, төмендегі тақырыптар бойынша пікір айтыңдар:

1. Биотехнология адам өмірін сақтай алады
2. Биотехнологияның медицина саласындағы жетістіктері

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндердегі ақпаратты пайдаланып, кестені толтыр.

Биотехнологияның адам өміріне тигізер пайдасы	Денсаулық сақтау саласындағы биотехнологияның рөлі

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойып жаз.

1. Ауру... шипа берсін!
2. Науқас... шипа болсын!
3. Ауру... арты жеңіл болсын!
4. Жан... шипа, дерт... дауа болсын!
5. Дерт... арыл!
6. Ауру... шалдықпа!

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Қазақстанның медицина саласындағы биотехнология жаңалықтары» деген тақырыпта тұсаукесер дайындаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып сұраққа жазбаша жауап бер.

1. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
2. Тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?
3. Сабақтың барысына қатысты қандай ұсыныс/пікірлерің бар?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан ғалымдары медицина саласында көптеген биотехнологиялық жаңалық ашты. Бұл жаңалықтар адамның өмірін ұзартуға ықпал етеді.

«Биотехнолог маман» дегеніміз кім?

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

ретіндегі, қоспа, тығыз, асылтұқымды, жиынтық, араластыр

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлемде қанша мамандық бар?
2. Қазір қандай мамандар аз болып отыр?
3. Қандай мамандарға сұраныс көп?
4. Биотехнолог қай салаларда жұмыс істей алады?



Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелді пайдаланып, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлем құра.

- Ғалым болсаң, елге мәлім боларсың.
- Барша өнерді үйрен.
- Білмегенге үйрет.
- Жігітке жеті өнер де аз.
- Кітап — тілсіз мұғалім.
- Өнерлі қол аш болмас.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңнен сұхбат ал.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде айтылған мамандықтарды жазып, сөйлем құра.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқып, стилін анықтаңдар.

- Әлібек, 9-сыныпты бітірген соң оқуға барасың ба?
- Жоқ, мен 11-сыныпты бітірген соң бір-ақ барамын. Ал сен ше?
- Мен колледжге тапсырып көремін.
- Қай мамандыққа тапсырасың?
- «Информатика» мамандығына тапсырғым келеді. Сен қай мамандықты таңдайсың?
- Мен «биотехнология» мамандығын таңдадым.
- Биотехнолог қай салада жұмыс істейді?
- Ғылыми-зерттеу институтында, өндірістік зертханаларда техник немесе технолог, биотехнология өндірісінде технолог, ауылшаруашылық биотехнологиясының маманы, биотехнолог селекционер немесе мектепте «биология» пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеуге болады.
- Керемет! Түрлі салаларда жұмыс істеуге болады екен ғой! Сонда биотехнологтар не істейді?
- Мысалы, тағам биотехнологтері түрлі қоспаларды араластырып, жаңа тағам өнімдерін дайындайды. Медицина саласында дәрі-дәрмек шығарады. Ауылшаруашылықта жаңа тұқымдар ойлап табады.
- Бұл мамандыққа түсу үшін жоғары балл жинау керек шығар, ә?
- Әрине, жиынтық бағаң 95-100 балдан кем болмауы керек.
- Онда осы кезден бастап «химия», «биология» пәндерін жақсылап оқуың керек.
- Иә. Бірақ барлық пәнді де жақсы оқуға тырысуымыз қажет емес пе?
- Дұрыс айтасың.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Броундық қозғалыс». Мамандықтар туралы тұсаукесер дайындауың керек. Сыныптастарың қандай мамандық таңдайтынын анықта. Олардың таңдауын салыстырмалы кесте түрінде жаз. Сыныптастарыңның не себепті ол мамандықты таңдағанын дәлелдеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Мамандық таңдау адам өмірінде көп нәрсені шешеді, сондықтан мамандық таңдауда (ойлау, қателесу, келісу) болмайды. 2. Таңдаған мамандығың бойынша көптеген (оқу, адам, ақпарат) алдын ала танысқаның жөн. 3. (Университет, қала, мамандық) таңдамас бұрын қандай мамандарға сұраныс барын біліп алғаның дұрыс. 4. Осы салада жұмыс істеп жүрген білікті мамандардан кеңес алу да артық (жүрмеу, болмау, есептеу).

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Мамандық таңдау — жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жасөспірімнің алдында жүз мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік, білім, біліктілік қажет, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың пікірі төңірегінде ой бөлісіңдер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- көркемдеуіш құралдарды пайдалану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ашық микрофон» әдісін пайдаланып, бүгінгі тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

10-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Мамандық таңдауда қателеспеген дұрыс. Мен биотехнолог болғым келеді. Сондықтан қазір «химия», «биология» пәндері бойынша қосымша деректерді көп оқып жүрмін.

11-12-
сабақ

Сахиев Жүніс «Уақыт қайтарымы» романы

ЖАҢА СӨЗДЕР

булан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Фантастика жанрындағы қандай шығармаларды білесің?
2. Фантастика жанрында қалам тартқан қай жазушыларды білесің?
3. Осы жанрда түсірілген қандай фильмдерді көрдің?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттер бойынша шағын әңгіме құра. Қиял-ғажайып ертегілерінің фантастикамен байланысы қандай? Айтып бер.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді мазмұндап айт. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сахиев Жүніс — қай саладағы жазушы?
2. Ол жолдастарына қандай әңгіме айтып беретін?
3. Ол кім болып жұмыс істеген?
4. Ол қай университетті бітірген?
5. Ж. Сахиевтің ең үздік шығармасы қалай аталады?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі сан есімдерді жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құра.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді мазмұндап айт.

Олар Жерге қайтуға асықты. Бейтаныс ғаламшарда болған уақыт та ізін бермей өте шыққан. Жұлдызаралық сапардың бір ерекшелігі де уақыттың осындай санаулылығында. Әйтпесе мына көз алдарындағы ғажайып әлемді ешқайсысы да қиып тастап кетпес еді. Әлі де жүре бермек. Бірақ «уақыт» деген бәрінен де қатаң. Мына ғаламшардың бетін көмкеріп жатқан сан түрлі хош иісті гүлдер мен өсімдіктердің нәзіктігіндей емес. Бір ғана өсімдіктің өзі талай тағдырды шешеді. Сондықтан да ойлануға тура келген.

Кеме басшысы — Мерген Тұрлығазыұлы жан-жағын жіті бақылап ілгері бастап келеді. Айнала — қалың шөп, самсаған неше түрлі гүлдер. «Тек қана өсімдік пен гүлдерден тұратын мұндай да ғаламшар болады екен-ау!» — деп таңданған еді Мерген алғашында. Бірақ ғаламшар тіршілігіне бірте-бірте көзі үйрене бастаған кезде осы өсімдік пен гүлдер әлемінің де өзінше бір бөлек тіршілік кешіп жатқан біртұтас елдей екеніне көз жеткізе бастаған.

Ж. Сахиевтің «Кеңес көшпенділері» атты сериялы ғылыми-фантастикалық романынан

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе
бөлім

Негізгі
бөлім

Қорытынды
бөлім

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Сұрақ сандық» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Ортаға екі сандық қойылсын. Топтағы оқушылар мәтін мазмұны бойынша 6 сұрақ дайындап, сандыққа салсын. Екі топ сандықтарын алмасып, кезекпен сандықтан бір-бір сұрақтан алып, жауап берсін. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары дұрыс әрі қызық болса, сол топ жеңеді.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	қайтуға	А	сапар
2	бейтаныс	Ә	бермек
3	жұлдызаралық	Б	иісті
4	көз	В	ғаламшарда
5	жүре	Г	өзі
6	хош	Ғ	шөп
7	өсімдіктің	Д	асықты
8	қалың	Ж	алдарындағы

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Автормен сырласу» ойыны. Фантаст-жазушы Сахиев Жүніске фантастика тақырыбында хат жаз.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

ЕСТЕ САҚТА!

Сахиев Жүніс фантастика саласында бірнеше роман жазған. Жазушының «Кеңес көшпенділері» атты ғылыми-фантастикалық романы бірнеше сериядан тұрады.

Нәтиже сабақ. Мен не қйрендім?

13-14-
сабақ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша мәтін құра. Бұл суреттердің биотехнологиямен қандай байланысы барын айт.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Академик Төрегелді Шармановтың пікірін оқып, өз көзқарасыңды айт.

Ұзақ өмір сүріп, денсаулықты нығайтуға өмір бойы ұмтылу керек. Өмірге дені сау ұрпақ әкелу үшін анасының құрсағында жатқан кезден бастап оның денсаулығын қамқорлыққа алу керек. Қазіргі таңда майлы тамақты аз пайдаланып, көгөніс пен бидайдың төменгі сұрыптарын пайдаланған жөн.

Яғни, талшықты өнімдер пайдалы. Жоғарғы сұрыпты ұннан жасалған нан-ды, қантты өте аз пайдалану қажет. Құрамында қантты бар сұйықтықты аз пайдалану керек. Мысалы, «Кока-кола», «Пепси-кола», фаст-фуд, хот-догтар өте қауіпті. Қуырылған тамақтар жүрек-қан тамыр ауруына, тіпті қатерлі ісік дертіне әкеп соқтырады.

Күніне кем дегенде 400 грамм көгөніс пайдалану қажет.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Сынып топқа бөлініп, төмендегі тақырыптарды бөліп алыңдар. Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

- «Кока-кола», «Пепси» және т.б сусындарды ішу денсаулыққа зиян.
- Фаст-фуд семіздікке әкеп соқтырады.
- Қуырылған тамақ жүрек-қан тамыр ауруларын тудырады.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Фантастикалық шығармаларға тән ерекшеліктерді жаз.

Фантастикалық шығармалар

- бірқатар идеялар іске асады;

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қатыстырып, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлем құра.

Ізденіс, жасуша, кешенді, қышқыл, күрделі, ықпал, тұқым, тірі, дерт, ұлпа, будандастыр, жылыжай, нәрлі, ашыт, булан, биотехнология, ретіндегі, қоспа, тығыз, асылтұқымды, жиынтық, араластыр.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Бэкроним» әдісін пайдаланып, «биотехнология» сөзінде берілген әріптер бойынша мағыналы сөйлем құрап айт. Сөздер алғашқы әріптен басталуы тиіс.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Жазушы Сахиев Жүніске бірнеше сұрақ дайындаңдар. Бірің тілші, екіншің жазушы болып диалог құрыңдар. Рөлдердің орны ауысып отыруы қажет.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Қосымша ақпарат құралдарынан биотехнология туралы ақпарат жина. Осы ақпаратты пайдаланып, «Биотехнология әлемі» тақырыбында монолог құрап айт.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Биотехнология жаңалықтары» тақырыбы бойынша ойларыңды жинақтап, айтыңдар. Сынып шеңбер құрып отырсын. Кезекпен барлығың тақырып бойынша түйінді ой айтыңдар. Идея қайталанбауы тиіс.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Әлем көркем әдебиетінің елімізде бұрын болмаған күрделі саласы — авторлық, сериялы ғылыми-болашақтық романдар (авторы — Жүніс Сақұрпағы) қазақ әдебиетіне келді.

Әзілхан Нұршайықов

Жасыл экономика

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- тыңдалған шығармаларда көтерілген мәселені анықтау;
- мәселенің артықшылығы мен кемшілігін салыстыру;
- мәселеге қатысты өз пікірін білдіру, бағалау;
- афоризмдерді орынды қолдану;
- ауызша мәтін құрау дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

негізделген, бүкіл, кезеңге, сай, жалпы, сонымен, байланысты, бірталайы, басшылық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, ойыңды айт.

1. Суреттерде не бейнеленген?
2. Оларды бүгінгі тақырыппен қалай байланыстырар едің?
3. Сен «Жасыл экономика» деген тіркесті естідің бе?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. «Жасыл» деген сөз не мағына береді, энергияға қатысы қандай?
3. Қалай ойлайсың, неліктен «жасыл экономика» деген тіркес қолданылған?
4. Жасыл экономика неге бағытталған?
5. Жасыл экономиканың негізінде не жатыр?

ТІЛДІК БАҒДАР

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқыдағы оқиға, іс-әрекет басыңқыдағы іс-әрекет, оқиғаға қарама-қарсы мәнде айтылатын сөйлем қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады. **Мысалы:** *Баламалы энергия көздері ел экономикасын дамытқанымен, әлі толық өндіріске енген жоқ.*

Қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің жасалу жолдары:

1. Шартты рай тұлғалы етістік пен *да, де* шылауы тіркесу арқылы: *Баламалы энергия көздері белгілі болса да, елімізде енді ғана қолға алына бастады.*

2. Есімше арқылы:

а) *-ған* тұлғалы есімшеге көмектес септік қосымшасы жалғану арқылы: *Табиғи ресурстарды сақтаған-мен, экология проблемасы бітпейді.*

ә) *-ған* тұлғалы есімшеге барыс септік қосымшасы жалғанып, **қарамастан** шылауы тіркесу арқылы: *Экология проблемасының болғанына қарамастан, мұнай өндіру де жалғасуда.*

3. *-а, -е, ұ* тұлғалы көсемшеге онымен тұрпаттас **тұр** көмекші етістігінің тіркесуі арқылы: *Газды өндіре тұра, тапшылығын жиі сезінеміз.*

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Қазақстан Республикасы 2013 жылы «Жасыл экономика» тұжырымдама-сын қабылдады. Тұжырымдамада халықтың әл-ауқатын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтап, тиімді пайдалану үшін жаңа экономикаға көшу жолдары белгіленген. **«Жасыл экономика» экологиялық** апаттың алдын алуға негізделген. Табиғи энергия көздері — мұнай мен газ таусылса, экологиялық апат болады. Ал жасыл экономика **бүкіл** табиғи энергия көздерін тиімді пайдалануға, табиғи таза өнім шығаруға бағытталған.

Тұжырымдаманы іске асыру үш **кезеңге** бөлінген: бірінші кезең — табиғи қорды тиімді пайдалану; екінші кезең — жаңа технология арқылы өндірілген, жаңартылған энергетиканы енгізу; үшінші кезең — жаңартылған энергетика арқылы өнеркәсіпті дамыту. Табиғи энергия көздерін сақтаудың бір жолы — баламалы энергия көздерін шығаратын жаңа технологияны енгізу. Осыған **сай** елімізде баламалы энергия көздерін өндіретін Күн, жел, су стансылары салынып, пайдаланылып жатыр. Баламалы энергия көздері **жалпы** елдің экономикасын дамытып, табиғи энергия көздерін сақтайды. **Сонымен** қатар халықтың әл-ауқаты жақсарады.

2017 жылы Қазақстанда «ЭКСПО» өтті. Онда энергетика, мұнай-газ саласына **байланысты** 130 жоба ұсынылған. Жобалардың **бірталайы** болашақта іске асады. Ақмола облысы **басшылығының** мәліметі бойынша, мамандар осы облыс үшін тиімді 5 жобаны таңдап алған. Мұнда «Жасыл энергетика» тұжырымдамасына сай құбырсыз газ тартылады. Сонымен қатар Ақмола облысының Аршалы ауданында қуаты 100 МВт болатын жел электр стансысы салынады. Бұл жобалар экономикалық, экологиялық жағынан тиімді.

Баспасөз беттерінен

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықта. Тағы қандай сөздермен тіркесе алады?

№	Мәтіндегі жаңа сөз	Мәтіндегі сөзбен тіркесі	Басқа сөзбен тіркесі
1	<i>негізделген</i>	алдын алуға <i>негізделген</i>	тұрақтылыққа негізделген, ..., ..., ...
2	<i>бүкіл</i>, ..., ...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Жасыл экономика» тұжырымдамасында не белгіленгенін анықтап, кестеге жаз.

«Жасыл экономика» тұжырымдамасында: ...
...
...

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

1. «Жасыл экономика» тұжырымдамасы 2013 жылы қабылданғанымен, енді ғана іске аса бастады. 2. Жаңа экономикаға көшу жолдары белгіленсе де, қаржы кеш бөлінді. 3. «ЭКСПО»-да 130 жоба ұсыныла тұра, бесеуі ғана қолға алынды. 4. Облыс басшылығының мәліметіне қарамастан, жұмыс әлі басталған жоқ.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Жасыл экономика» ненің алдын алуға негізделген? Талқылап, ойларыңды ортаға салыңдар.

Үлгі:

«Жасыл экономика» экологиялық апаттың, ..., ..., ... алдын алуға негізделген.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен «жасыл экономика» неге бағытталғанын тауып оқы, кластерге жаз.



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Суретке қарап, жауап бер. Адамдар не өндіріп жатыр?

1. Қалай ойлайсың, бұл жерде не өндіріледі?
2. Өндіріліп жатқан заттар қандай энергия көзіне жатады?
3. Біз энергия көзін қайда пайдаланамыз?
4. Бұлар қандай энергия көзіне жатады?



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Топтық жұмыс. Тұжырымдаманы іске асыру кезеңдерін тауып, әр топ дәлелдесін.

1-топ бірінші кезеңде табиғи қорды тиімді пайдалану жолдарын көрсетеді.

2-топ екінші кезеңде жаңа технология арқылы өндірілген жаңартылған энергетиканы енгізудің жолдарын көрсетеді.

3-топ үшінші кезеңде жаңартылған энергетика арқылы қандай өнеркәсіпті дамытуға болатыны туралы айтады.

Топтық жұмысқа қойылатын талаптар:

- әр топ кем дегенде екі жолды (идеяны) көрсетуі керек;
- идеялар «Жасыл экономика» тұжырымдамасына сай болуы керек;
- пікір жазбаша дайындалуы керек.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ


11-тапсырма. Үзінді бойынша сұрақтар дайындап, диалог құрыңдар.

2017 жылы Қазақстанда өткен «ЭКСПО» көрмесіне энергетика, мұнай, газ саласы бойынша 130 жоба ұсынылған. Сол жобалардың бірталайы болашақта іске асады. Ақмола облысы басшылығының мәліметі бойынша, мамандар осы облыс үшін тиімді 5 жобаны таңдап алған. Мұнда «Жасыл энергетика» тұжырымдамасына сай құбырсыз газ тартылады. Сонымен қатар Ақмола облысының Аршалы ауданында қуаты 100 МВт болатын жел электр стансысы салынады. Бұл жобалар экономикалық, экологиялық жағынан тиімді.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Балық қаңқасы» диаграммасын толтыр.

1. Балықтың басына «Жасыл экономика» тұжырымдамасының мақсатын;
2. Балықтың үстіңгі қаңқасына тұжырымдаманы іске асыру кезеңдерін;
3. Балықтың астыңғы қаңқасына баламалы энергия көздерін;
4. Балықтың құйрығына қорытындыны жаз.



ЕСТЕ САҚТА!

2013 жылы «Жасыл экономика» тұжырымдамасы қабылданды. Онда халықтың әл-ауқатын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтап, тиімді пайдалану үшін жаңа экономикаға көшу жолдары белгіленген.

Болашақ энергиясы

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

біріктіреді, босқа, қала, енді, несібе, шарт, бірік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Болашақ энергиясы» деген — не?
2. Қалай ойлайсың, неге «болашақ энергиясы» деген атау берілген?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Энергия көздерін өндіретін мемлекеттер қалай өмір сүреді?
3. Адам өмірінде энергияның рөлі қандай?
4. 2017 жылы астанада өткен «ЭКСПО»-ның тақырыбы қандай болды?
5. Неліктен ол тақырып алынды?



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

1. Энергия үнемдеу адамзатты алаңдатып отырғанмен, көптеген елдер табиғи отынды әлі де шексіз өндіруде. 2. Азия, Латын Америкасы, Африка елдерінде халық саны өссе де, баламалы энергия көздерін өндіруге асықпайды. 3. Энергияға сұраныс артқанына қарамастан, басшылық тарапынан бұл мәселеге мән берілмей отыр. 4. Баламалы энергияның пайдасын біле тұра, экологияны бұзуға болмайды.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

2017 жылы астанада өткен «ЭКСПО» «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналды. Энергияны үнемдеп, баламалы жаңартылған энергия көздерін дамыту жалпы адамзатты алаңдатып отыр. Себебі Азия, Латын Америкасы, Африка елдерінде халық саны өсуде. Сондықтан болашақта энергияға сұраныс артады. Болашақта экологияны бұзбай, халықты энергетикамен қамтамасыз ету қажет. Таза жолмен өндірілген баламалы энергия экологияны бұзбайды. Баламалы энергия Күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су көздерінен алынады. Бұл мәселемен бүкіл дүниежүзінің ғалымдары айналысып жатыр.

Ғалымдар: «Қазақстанда болашақ энергиясын су электр стансысы, жел энергетикасы, Күн энергетикасы, атом электр стансысынан алған тиімді», — деп санайды. Болашақ энергиясы арзан әрі экологияны бұзбайды. Бұл көліктерді энергиямен жабдықтау, үйлерді жылыту, қалаларға жарық беру мәселелерін шешуде тиімді. Осылайша, экологияға, адам денсаулығына қауіпсіз энергия алынады.

Қазақстанда баламалы энергия өндіретін кәсіпорындар бар. Алматы облысында 5 жоба іске асырылған. Өзен суларын **босқа** ағызбай, баламалы энергия өндіруге қолдануда. Солардың бірі — Текелі **қаласындағы** «Қора» су электр стансысы. Стансыдағы оператор бүкіл ГЭС-ті басқарады. Қалған жұмыстар автоматты түрде жасалады. Өзеннен қандай су алынса, сондай таза суды өзенге қайта құяды. Мұнда 28 МВт электр қуаты өндіріледі. Облыста **енді** 20 шағын су электр стансысы, 3 Күн электр стансысы, 1 биоэлектр стансысы салынады.

Қазақстанның болашақ энергия жобаларынан **несібе** алғысы келетін шетелдік компаниялар **шартқа** отырып, қол қойды. Олар: Сауд Арабиясы, Канада, АҚШ, Қытай елдерінің ірі компаниялары. Шетелдік ірі компаниялар **бірігіп**, елімізде болашақ энергия көздерін өндіруге атсалысады.

Баспасөз беттерінен

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Ол сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Үлгі:

1. Тірек сөз — *энергия*.
2. Мәтінде «үнемдеу» сөзімен тіркескен: *энергия үнемдеу*.
3. Сөйлем: *Энергия адамның саламатты өмір сүруі үшін өте қажет*.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, кестені толтыр.

№	Адамзатты алаңдатып отырған мәселе	Халық саны өсіп жатқан елдер	Болашақта керек энергия	Баламалы энергия көздері
1				

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Астанада өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі қандай тақырыпқа арналды?
2. Адамзатты қандай мәселе алаңдатып отыр? Неліктен?
3. Болашақта неге сұраныс артады?
4. Халықты энергетикамен қалай қамту қажет?
5. Баламалы энергия қайдан алынады?
6. Ғалымдар қандай мәселемен айналысып жатыр?

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Қазақстан үшін тиімді болашақ энергиясын анықтап, класстерге жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Болашақтың баламалы энергиясы қандай мәселелерді шешуде тиімді екенін тауып, оқы. Дәлелде.

Үлгі: *Көлік жүргізуде Күн энергиясын пайдаланса, көмірқышқыл газы бөлінбейді. Ауа таза болады. Экология бұзылмайды.*

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Соңғы кездері Қазақстанда баламалы энергия өндіруде іске асқан жұмыстарды диаграммаға ретімен қойып, айт.

Алматы облысында 5 жоба іске асты

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінге жоспар құрып, жоспардың желісі бойынша баянда.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Топтық жұмыс. Кереғар идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырындар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын.

Бірінші пікір	Мүмкін	Екінші пікір
Энергияны атом электр стансысынан алған тиімді.	Энергияны атом электр стансысынан алған тиімді/тиімсіз болуы мүмкін.	Энергияны атом электр стансысынан алған тиімсіз.
Себебі ...	Себебі ...	Себебі ...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Тікұшақ» әдісі. Тікұшақтың қанатына тақырыпқа қатысты сұрақтарды жазып, ұшыр. Өзің де жауап бер. Соңынан жауаптардың дұрыс, дұрыс еместігін тексер.

ЕСТЕ САҚТА!

Болашақ энергиясын су электр стансысы, жел энергетикасы, Күн энергетикасы, атом электр стансысынан алған тиімді. Мұндай энергия арзан әрі экологияны бұзбайды.

Күн энергиясы

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

тіршілік, сақтайды, сутегі, тарайды, айна

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерді қарап шық. Сұрақтарға жауап беріп, ауызша мәтін құрастыр.


1. Суреттерде не бейнеленген?
2. Күн батареялары қандай мақсатта қолданылған?
3. Ол қаншалық тиімді?



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Қандай баламалы энергия көзі туралы естідің?
3. Күн неге баламалы энергия көзі бола алады?



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Баламалы энергия көздерінің бірі — Күн сәулесінен алынатын қуат. Әлемде көптеген елдер Күн энергиясын қолданады. Күн сәулесінің энергиясы экологияны бұзбайды, Жер бетіндегі **тіршілікке** зияны жоқ. Күн энергиясын қолдану жердегі климатты **сақтайды** әрі энергияны үнемдейді.

Күнде секунд сайын төрт миллион тонна сутегі жанып, әлемге өте көп энергия бөлінеді. Күн энергиясының 30%-ы ғарыш кеңістігіне **тарайды**, ал 70 %-ы Жер бетіне түседі. Қазіргі кезде Жер бетіне түсетін Күн сәулесі баламалы энергия көзі болып отыр.

Алғашқы Күн батареялары XIX ғасырда Францияда құрылды. Дүниежүзілік көрмеде өнертапқыш О. Мушо айнаның көмегімен Күн сәулесін қазанға бағыттайтын аппаратты көрсетті. Қазан газет шығаратын баспа мәшинесін іске қосты. 1953 жылы АҚШ ғалымдары Күн сәулесін электр қуатына айналдыратын Күн батареясын ойлап тапты.

Күн батареясы — Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдырады. Күн батареясы ғарыш кемелерінде, тұрмыста (үй жылыту), техникада (калькулятор мен қол сағаттарды қуаттандыру үшін) қолданылады. Күн батареясын тұрғынүйлердің шатырына орналастырады. Күн батареясы тұрғындардың өміріне зиян келтірмейді.

Күн электр стансысының қоршаған ортаға зияны жоқ, экологиялық тұрғыдан таза, дыбыс шығармайды, қауіпсіз, пайдалануға ыңғайлы, өте тиімді. Ол шамамен 30 жыл жұмыс істейді. Осы жылдың ішінде небары 1 кг Күн кремнийін жағады. Күн сәулесін пайдалану болашақта адамзат өмірін жеңілдетеді.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді ойбөліктерге бөліп, әр ойбөлікке тақырыпша қой. Оны дәлелде.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Күн энергиясын қолданудың артықшылықтарын кестеге жазып, өз ойыңды дәлелде.

Күн сәулесі	...
энергиясының	...
маңызы:	...

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Кестені толтыр.

№	Алғашқы Күн батареясы пайда болған ғасыр	Алғашқы Күн батареясын ойлап тапқан адам	Көрмеде көрсеткен аппарат	Күн сәулесін электр қуатына айналдырған ел
1				

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Күн батареясы қайда қолданылатынын кластерге жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Балық қаңқасы» диаграммасын толтыр.

1. Балықтың басына мәтіндегі баламалы энергия көзін жаз.
2. Балықтың қаңқасына Күн электр стансыларының тиімділігін жаз.
3. Балықтың құйрығына Күн энергиясының адамзат өміріндегі маңызын жазып, қорыт.



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Топтық жұмыс. Кереғар идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын.

Бірінші пікір	Мүмкін	Екінші пікір
Күн энергиясы тиімді.	Күн энергиясы тиімді/тиімсіз болуы мүмкін.	Күн энергиясы тиімсіз.
Себебі ...	Себебі ...	Себебі ...

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Баламалы энергия қоры ретінде Күн сәулесін пайдаланудың маңызы зор. Күн энергиясы экологияны бұзбайды, Жер бетіндегі тіршілікке зияны жоқ. Күн энергиясын қолдану Жердегі климатты сақтайды әрі энергияны үнемдейді.

Медеу Сәрсекен «Жетінші толқын» (үзінгі)

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

таңғажайып, барлаушы, өнерпаз, жарған, өртеген, үңгірінде, қоршауда, тесіп, тұтқынға

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Таңғажайып оқиға» дегенді қалай түсінесің?
2. Сенің өміріңде таңғажайып оқиға болды ма?
3. Сыныптарыңда өнерпаз оқушы бар ма?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Таңғажайып, құбылыс, өнер, өнерпаз.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Келтірілген мәселеге байланысты ойларыңды жинақтап, дәлелдендер.

1. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты болып жатқан таңғажайып құбылыстар бар ма? Ол — қандай құбылыстар?
2. Ғылым мен техниканың дамуына қатысы жоқ таңғажайып құбылыстар бар ма? Ол — қандай құбылыстар?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Кеше ғана мектеп оқушысы едім, қазірде Қазақстандағы жалғыз университеттің бесінші курс студентімін. Арманым — журналист болу, сол өнердің

«шебері» атану. Тәжірибені облыстық газет редакциясында өткіздім. Бірнеше мақалам газетке шықты. Жұрт таңғалғандай бір суреттеме, фельетон жазбадым. Бүгінге дейін бар білгенім — «Оқу, оқу және оқу!». Оқуға он бес жылым кетіпті. Мәскеу университеті шығармашылық бәйге жариялады. Мен жеңімпаз болдым. Жеңімпаздарға сыйақы мен хорват еліне лагерьге жолдама берді.

Хорват елінде біз биік таулар мен шатқалдарға саяхатқа шықтық. Бізге «Вацлав Мирзе» деген кісі гид болды. Саяхат кезінде Вацлав Мирзе **таңғажайып** оқиға айтты. Сол ойымнан кетпейді. Ол 1941-1945 жылдары екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Хорваттағы **барлаушы** топтың жетекшісі болған. Вацлавтың тобында «Шыңғыс» деген қазақ жігіт болады. Шыңғыс — **өнерпаз**, батыр жауынгер екен. Ол хорват жерінде тұтқынға түскенше көп ерлік жасаған. Немістердің электр стансысын **жарған**, штаб-пәтерлерін **өртеген**, электр пойыздың жолын қиратқан, элеваторды өртеген, Германияға жіберетін астықты өртеген.

Олар 1944 жылы қыста тау **үңгірінде** тоғыз күн **қоршауда** қалады. Тоғызыншы күні немістер дизельді двигатель әкеледі. Олар бұрғымен тауды **тесіп**, барлаушыларды **тұтқынға** алмақ болады. Сексен хорват жауынгерін тау үңгірінен қазақ жігіті — Шыңғыс алып шығады. Ол үңгірдің сыртындағы немістердің электр қуатын өз құралына қосады. Қалай қосқанын жауынгерлер түсінбейді. Осылайша, Шыңғыс құралымен тауды теседі. Бірақ оның тауды қалай тескенін ешкім түсінбейді. Ол әлі күнге дейін жұмбақ. Шыңғыс өзі сол жерде қаза табады.

Сол үңгірге бізді Вацлав Мирзе саяхатқа апарды. Қазақ жауынгері Шыңғыс туралы таңғажайып оқиғаны айтты.

М. Сәрсекке «Жетінші толқын» үзінді

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді тауып, жасалу жолын түсіндір.

Мен мектепті кеше ғана бітірсем де, қазір Қазақстандағы жалғыз университеттің бесінші курс студентімін. Газетке бірнеше мақалам шыққанмен, фельетон жазбадым. Оқуға он бес жылым кетсе де, диплом алдым.

Олар 1944 жылы қыста тау үңгірінде тоғыз күн қоршауда қалғанмен, жауға берілмеді. Немістер дизельді двигатель әкелгенмен, тауды тесе алмады.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Дұрыс жауапты таңдап айт.

1. Әңгіме нешінші жақтан айтылған?

- A. Екінші жақтан
- Ә. Бірінші жақтан

2. Әңгіме кімнің атынан берілген?

- A. Студенттің
- Ә. Журналистің

3. Ол кімнің әңгімесі туралы айтты?

- A. Досының
- Ә. Хорват шалының

4. Хорват шал кім/не туралы айтты?

- A. Қазақ жауынгері туралы
- Ә. Өзі туралы

5. Вацлав Мирзе қандай оқиғаның куәсі болған?

- A. Таңғажайып оқиғаның
- Ә. Күлкілі оқиғаның

6. Қазақ жауынгері — Шыңғыс хорват солдаттарын қалай құтқарып қалған?

- A. Солдаттарға соғыс өнерін үйреткен
- Ә. Құралымен тауды тескен

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Әңгіме кімнің атынан баяндалғанын анықта. Екінші жақтан, өткен шақ формасында баянда.

Үлгі: Ол оқушы болған. Ол 9-сыныпта оқыған. ...

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жауынгер Шыңғыстың жасаған ерлігін диаграммаға жаз.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Шыңғыстың солдаттарды үңгірден алып шыққан жерін мәтіннен тауып оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, Шыңғыстың жасаған әрекеті — таңғажайып оқиға ма?
2. Вацлав Мирзе неліктен оны таңғажайып оқиғаға жатқызған?

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, диалог ұйымдастырыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Барлаушылар үңгірде тұтқында болады. Оларды қазақ жауынгері — Шыңғыс құтқарады. Ол тауды теседі. Ол — өнерпаз, батыр. Таңғажайып оқиға болады.

Нәтиже сабақ. Мен не қйренгім?

9-10-
сабақ

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Күн батареялары қайда қолданылатынын кластерге жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап жаз.

1. Қазақстан Республикасында 2013 жылы қандай тұжырымдама қабылданды?
2. «Жасыл экономика» тұжырымдамасының мақсаты не болды?
3. Ол мақсат қазір қалай іске асып жатыр?
4. Оқыған «Жасыл экономика», «Болашақ энергиясы», «Күн энергиясы» тақырыптарынан мысал келтір.

5. Табиғи энергия көздеріне не жатады?
6. Табиғи энергия көздерін не үшін сақтауымыз қажет?







АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Болашақ энергиясы» ненің тақырыбы болды?
2. «Болашақ энергиясы» деген — не?
3. Болашақ энергиясының адамзатқа қандай пайдасы бар?
4. Болашақ энергия көздерін іздеуге не себеп болды?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақ киіңдер. Сұрақтарға жауап беріп, пікірталас ұйымдастырыңдар. Қалпақты алмастырып, ойынды қайта жалғастырыңдар.

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Қойылатын сұрақтар
	Баламалы энергия түрлері (Күн, жел, су, атом электр стансылары) туралы білетінін айтады.	«Баламалы энергия көздері» деген — не?
	Баламалы энергия көздерінің артықшылығын айтады.	Оның қандай пайдасы бар?
	Баламалы энергияның кемшіліктері туралы айтады. Әрқайсысына жеке тоқталады.	Оның қандай зияны бар?
	Баламалы энергия туралы ойын айтады.	Оның зияны тимес үшін қалай пайдалану керек?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойға қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойдың баламалы энергияға қатысын айтады.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Табиғаттағы барлық жылу — Күннен,
Өмірдегі барлық жылу — адамнан.

«Алаш» ұғымы нені білдіреді?

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау;
- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасыңды білдіру;
- коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу әдеби формаларын дұрыс таңдай білу;
- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойыңды жеткізу;
- прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау;
- қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасыңды білдіру;
- мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шолу жазу;
- тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;
- жазба жұмыстарда (мезгіл бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР


сана-сезім, ілім-білім, алашордалықтар, құрбан, мұрат, ұлтжанды

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. «Ассоциограмма». Осыған дейінгі біліміңе сүйеніп, «алаш» деген сөзге байланысты ассоциограмма құрап жаз.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Дереккөздерге сүйеніп, берілген тірек сөздердің сипаттама-сын тап. Оларды пайдаланып, алаш қайраткерлері туралы диалог құрыңдар.

Тірек сөздер: *партия, үкімет, өкімет, қайраткер, ұлтжанды, ілім-білім, құрбан.*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Алашорда» туралы дереккөздерден ақпарат тап. Алаш қайраткерлері туралы сызбаны толтыр. Олар туралы қысқаша айт.



ТІЛДІК БАҒДАР

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем — бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың мезгілін білдіретін құрмаластың түрі.

Сұрақтары: *Қашан? Қашаннан бері? Қашанға шейін?*

Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің *баяндауыштары:*

а) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады. *Екеуі үйден шыққанда қонақтардың соңы әлі тарампаған еді.*

ә) есімше тұлғалы етістік пен *кезде, күнде, шақта, уақытта* деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесінен болады: *Ақпан төңкерісі аяқталған кезде «Алашорда» партиясы құрылды.*

б) барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен *шейін, дейін, кейін, соң, бері, бұрын* шылауларының тіркесінен болады. *«Алаш» үкіметі орнағаннан кейін бәрі әділ шешілетініне сенімді болды.*

в) *-ша, -ше* тұлғалы есімшеден болады. *Ұлтжанды азаматтар партия құрғанша да сана-сезімі мен идеялары ортақ болды.*

г) көсемшенің *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғасынан болады. Мысалы: *Шынында да, партия құрылғалы ілім-білім мәселесіне ерекше назар аударылды.*

д) етістіктің шартты райынан болады: *Партия құрылса, зиялы қауым тез жиналар еді.*


е) *-ысымен, -ісімен* қосымшалы етістікпен болады. Мысалы: *Алаш арыстарының жұмысы басталысымен қиындықтар да көп кездесе бастады.*

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Ойлан. Жұптас. Пікірлес». Мәтінді тыңда.

Тірек сөздерді қолданып, тұжырым жазыңдар.

Тірек сөздер: ежелгі, бауырлас, қауым, хандық құру, тайпа, шежіре, тау сілемі, ғылыми болжам.



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. «Оңай және қиын сұрақтар кестесі» бойынша мәтіннің мазмұнын талда.

«Алаш» деген ортақ түріктік атау **Алтын Орда (Қыпшақ мемлекеті) ыдырағаннан кейінгі** кезде қайтадан жаңғырған **бауырлас түрік халықтарының** басын біріктіретін ұран болған сияқты. Ал енді қазақтың «Алаш» ұраны «алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда бұл қалмаққа не қылмадық?» деген сөздер кейінгі Алаша есімімен байланысты деуге болады.

Бұл орайда Саққұлақ бидің шежіресін, Ә. Диваевтың, Г.Н. Потаниннің, Ш. Уәлихановтың, А. Янушкевичтің, Ш. Құдайбердіұлының, М. Тынышбаевтың ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін, **күнделік жазбалары** мен ғылыми мақалаларын атаған жөн. Соның қай-қайсысы да Алаштың хан болғанын, қара халықты соңынан ертіп, **айбары асқанын** дәріптейді.

Ескі шежіре деректерінде «алаш» атауы «қазақ халқы» тіркесінің синонимі ретінде қолданылады. Мысалы, Қадырғали Жалайыри өз еңбегінде қазақтың орнына «алаш» атауын қолданады. Шежірелердің бірінде алашқа өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғайды жатқызады. «Қамбар батыр» жырында, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанында, Махамбеттің өлеңдерінде «алаш» сөзі **қазақ атауының баламасы** ретінде берілген.

«Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі «алаш» ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу «өз халқын сүйетін, соған өмірін арнаған адам» дегенді білдіреді.

XX ғасырдың басында құрылып, осындай аса маңызды ат алған «Алаш» партиясының құрамына **ұлттық сана-сезімі өте жоғары, ілім-білімді терең меңгерген** тұлғалар жиналды. Өздерін «алашордалықтар» деп атаған бұл зиялы қауым қазақ үшін, елінің болашағы үшін **құрбан болудан қорықпады**. Ұлы мұрат жолында өмірлерін қиды. Өйткені олар — шын мәнінде **нағыз ұлтжанды азаматтар** еді.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Қою қаріппен жазылған сөз тіркестерінің мағынасын анықта. Оларды қатыстырып, мәтіннің мазмұнын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

«Алаш» сөзінің мағынасы	«өз ұлты үшін бәріне дайын, нағыз адам» дегенді білдіреді.
«Алаш» сөзі —	«бауырлас, туыс» дегенді білдіреді.
«Алаш азаматы» сөзінің мәні	ірі тұлғалар жиналды.
Алашордалықтар ұлы мұрат жолында	«қазақтың» синонимі.
Алаш туы астына ұлттық сана-сезімі өте жоғары, ілім-білімді терең меңгерген	өздерін құрбандыққа шалды.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Топтық жұмыс. «Үш қадамды сұхбат» тәсілімен мәтіннің мазмұнын талдаңдар. Ол үшін топтағы 3-4 оқушы мәтін мазмұны бойынша кезекпен сұхбат алсын.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Әртүрлі қосымша деректер мен мәліметтерді қолданып, «алаш» сөзінің мағынасы туралы досыңмен диалог құр.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден «Алашорда» үкіметі туралы ақпарат тауып, оқы. Ол туралы өз ойыңды эссе түрінде жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Елі үшін және өз қамы үшін қызмет ететін екі түрлі тұлғаны сипаттайтын диаграмма құрап жаз. Синоним, антоним сөздерді орынды қолдан.

ЕСТЕ САҚТА!

«Алаш» партиясының құрамына ұлттық сана-сезімі өте жоғары, ілім-білімді терең меңгерген тұлғалар жиналды. Өздерін «алашордалықтар» деп атаған бұл зиялы қауым қазақ үшін, елінің болашағы үшін құрбан болудан қорықпады. Ұлы мұрат жолында өмірлерін қиды. Өйткені олар — шын мәнінде нағыз ұлтжанды азаматтар еді.

Алаш қозғалысына 100 жыл

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

аян, тартыс, осал, отаршыл,
адамгершілік, намысшыл, мұрагер, қуғын-
сүргін, насихат

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сөздердің мағынасын анықта. Олардың ішінен синоним сөздерді тауып, мағынасын ажырат.

аян	отаршыл	осал	көтеріліс	мұрагер
қозғалыс	қуғын-сүргін	жалғастырушы	насихат	әлсіз
белгілі	тартыс	намысшыл	адамгершілік	соғыс

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Кім тапқыр?». Суретке қара. Алаш қозғалысына қандай қатысы бар?



3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша жоспарды негізге алып, ойыңды жинақтап жаз.

Жоспар:

1. Алғашқы бағдарлама
2. Зиялылар мұраты
3. Ғылым-білім үйрету бағыттары
4. Басылым мәселелері



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша 5 сұрақ құра. Мәтіннің тақырыбын, идеясын анықта.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Алаш зиялылары көтерген ақысыз оқу мәселесіне қатысты өз көзқарасыңды тұжырымдап айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

Алаш қозғалысы — ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс.

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында ресейлік басқару жүйесі күшейе түсті. Ресейден көшіп келушілердің күрт артуынан қазақтар құнарлы жерлерден ығыстырылды. Енді қазаққа өз жерін отаршылдардан сақтап қалу үшін күресті күшейту қажеттігі аян болды. Бірақ қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларының әрекеттері кейін Алаш қозғалысына бастама болды.

Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлының жетекшілігімен ұлттың намысшыл зиялылары ұлт азаттығы үшін саяси күрес жолдарын меңгере бастады. Олар түрлі қозғалыстарға қатысып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ол үшін газет, кітап шығаруды жолға қойды. 1911 жылдан «Айқап» журналы, 1913

жылдан «Қазақ», артынша «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақ жол» газеттері ұлт-азаттық күрес жолын айқындауға қызмет етті.

Алаш қозғалысы қазақ елінің өзін-өзі басқару, біртіндеп дербес мемлекет құру, қазақ жеріне қоныс аударуға шек қою, адамгершілік, адам құқын құрметтеу, экономиканы дамыту, қазақ тілінің беделін арттыруды мақсат етті. Алаш қозғалысының арқасында 1917 жылы қазақ комитеттері, Түркістан автономиясы, «Алашорда» үкіметі құрылды. 1917 жылы пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылды. Алаш қозғалысының жақтаушылары қуған-сүргінге ұшырап, өлім жазасына кесілді.

Бірақ Алаш қозғалысынан басталған ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Одан кейін Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Аспандияров, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев сынды зиялылар ұлт-азаттық тартысты жаңа сипатта жалғастырды. Алайда тоталитарлық билік оларды Алаш қозғалысы ізбасарлары ретінде жаппай жазалады. Сөйтіп, бірінші орыс төңкерісінен бастау алған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30-жылдарға дейін жалғасты.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, үлгі бойынша тіркескен сөздерімен көшіріп жаз. Мағынасын анықта.

Үлгі: күресті күшейту қажеттігі аян (белгілі) болды.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Қай бағандағы тақырып мәтіннің қай азат-жолындағы оймен сәйкес келетінін айт.

«Алаш» қозғалысының бастамасы		Алаш қозғалысының мақсаты
Қуғын-сүргін кезеңі	Алаш қозғалысы	Алаш мұрагерлерінің қызметі

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген күрделі сөздердің сыңарын тауып, сәйкестендір.

Алашорда	мұрагерлері
отаршыл	жау

саяси	болды
аян	ел
Алаш	мәселелері
тартысты	үкіметі
осал	қуғын-сүргін
адамгершілік	насихат

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «6 неліктен?» тәсілі бойынша бүгінгі сабақта өткен материалдың негізінде парталас досыңмен сұрақ-жауап түрінде сөйлес.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Интернет көздерінен Алаш қозғалысының қайраткерлері негіздеген «Алаш» партиясының ұлттық бағдарламасымен таныс. Бағдарламаның мазмұны мен құрылымын матрица түрінде жаз.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Блиц-сұхбат». Жағдаят: бүгін — «Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күні. Алаш зиялыларының ұрпағының бірінен сұхбат ал. Сұрақтарың қысқа да нұсқа болсын. Сынып ең үздік сұрақтар мен жауаптарды анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

13-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

Алаш қайраткерлері тіл мәселесі туралы

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

бодандық, мінбер, болмыс, бейресми, меншік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Алаш қайраткерлерінің тіл туралы айтқан қандай сөзін білесің?
2. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін дамытуда қандай еңбегі бар?
3. Халел Досмұхамедұлының тіл туралы тұжырымы қандай заңмен байланысты болды?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Кестеге қара. Осы терминдердің қайсысы бүгінгі сабақтың тақырыбына сай келеді, қайсысы артық? Өз болжамыңды айт.

Тіл	Мәдениет	Экономика
ренессанс	даму	бодандық
мінбер	болмыс	ресми

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Ортақ ойды түйіндеп, өз тұжырымыңды жаз.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, «Алаш» партиясының мүшесіне қойылатын шарттарды анықта. Оны сызба түрінде жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. «ЖИГСО» — «Бөлшекте, жинақта!». Сынып үш топқа бірігеді. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3 түрінде белгіленеді. 1-кезеңде әр топтағы оқушылар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы оқушылар нөмірлеріне сәйкес топ болып бірігеді. Олар өздері оқыған мәтіннің бөлігінен бейтаныс сөздерді тауып, орыс тіліне аударады; мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері өз орындарына барады да жалпы мәтіннің мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, сурет және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз тұжырымын айтуы керек.

XX ғасырдың басында дербес ел болу саясатын көтерген Алаш қайраткерлерінің басты мақсаттарының бірі — автономиялық басқару жүйесіндегі мемлекеттік құрылыс болса, екіншісі — мемлекеттік тіл саясаты еді. Ұлтты сақтау жолындағы ана тілінің орны мен рөлін түсіну — оны сақтауға деген үлкен жауапкершілік еді.

I. Ахмет Байтұрсынұлы: «Оқу құралының ең ұлығы — бала оқытатұғын кітап... Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. «Өз ұлтына басқа жұртты қосамын» дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады...

Егер де біз «қазақ» деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз».

II. Ғұмар Қараш: «Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді.

Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

Ұмытпаңыз: өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана, осы мақсаттарға жетпекпіз».

III. Халел Досмұхамедұлы: «Мәдениетіміздің негізі — білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жолбасшы болады.

Әдебиет тілінің қаруы — баспа мен мектеп. «Баспа мен мектеп» деген — адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел — сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл — сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл — күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру — зор қате. Бұл — оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек».

IV. Міржақып Дулатұлы: «Қазақ тілі — бай, таза іргелі жұрт тілі» деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр «бай, таза» деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да, ту басында біздікі секілді таза да бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдардан да оқып қайтқандарымыз бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр...

«Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша болсын», — дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл — құрал» екенін ұмытпасқа керек.

«Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз» десек, ең алдымен, істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін «қазақша» деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі бұл кемшіліктің қандай екенін білу керек».

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі таныс емес сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтап жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Өзің қалаған алаш зиялысының атынан бүгінгі ұрпаққа тіл туралы өсиет жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Алаш қайраткерлерінің білім мен тілдің байланысына қатысты еңбектері туралы дереккөздерден ақпарат тап. «Ұлт және тіл» тақырыбында эссе жаз.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Әртүрлі дереккөздердегі ақпаратты пайдаланып, «Алаш және тіл» тақырыбында постер құра. Жұмысыңды таныстыр. Онда сәлемдесу, танысу, өтініш айтуға байланысты сөз тіркестерін қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

10-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жаз-баша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

ЕСТЕ САҚТА!

XX ғасырдың басында дербес ел болу саясатын көтерген алаш қайраткерлерінің басты мақсаттарының бірі — мемлекеттік тіл саясаты болды. Ұлтты сақтау жолындағы ана тілінің орны мен рөлін түсіну — оны сақтауға деген үлкен жауапкершілік еді. Олар тіл мәселесін тек мінберден айтқан жоқ. Тіл туралы мәселені бодандықтан құтылудың жолы ретінде көрсетті, ресми, бейресми жағдайларда биікке көтерді.

Бес арыс

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

тұтқында, зорлық, жазала, абақты, қауым, қатыгез

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Кестедегі суреттерге қара. Онда берілген атаулардың қайсысы саған таныс? Осы тұлғалар туралы не білесің?

Алыптар



Алаштың бес арысы



Қазақтың үш бәйтерегі



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерге сүйеніп, «бәйтерек», «алып», «арыс» сөздерінің анықтамасын жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұнын айт.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша авторлар мен еңбектерді сәйкестендір.



Психология



Астана идеясы



Алгебра



Педагогика



Тіл — құрал



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. «Алаш» партиясының жойылуын тарихи себептермен байланыстырып түсіндір.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің мүшелеріне Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 көкентегі қаулыларымен кешірім жарияланып, белді мүшелері үкімет қызметіне тартылған еді. Алайда 1922 жылдан бастап алашордашыларды үкімет пен партия тарапынан қудалау, тұтқындау, жазау саясаты орын алды. Бұл туралы академик Манаш Қозыбаев: «Совет өкіметі сөзінде тұрмады, екіжүзділік жасады. Кешірім тек қағаз жүзінде болды. Азамат соғысы біте сала көп кешікпей алаш азаматтарын қуғын-сүргінге салу басталды», — деп жазды. Ал академик Кеңес Нұрпейіс: «Кеңес өкіметі әр қырынан танылған, білімді де талантты «Алашорда» қайраткерлерін азамат соғысы жеңіске жеткеннен кейін тарих сахнасынан кетіруге тырысты. Алдау мен арбау әдісін, қару жұмсап күштеу, абақтыға қамау, қатыгездік жасау, зорлық көрсету жолын қолданды. Басты саясат — оларды Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластату болды. Алаш қайраткерлерін «ұлтшылдар» мен «жікшілдер» атандырып, қуғындай бастады», — деген тұжырым жасаған еді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, Кеңес өкіметінің алаш қайраткерлеріне жасаған әділетсіздігін танытатын әрекеттерін ретімен жаз. Әрқайсысын сипатта.

кешірім жариялау	қудалау	тұтқындау
алдау-арбау	жазалау	қатыгездік жасау
абақтыға қамау	қызметке тарту	қуғын-сүргінге салу
зорлық көрсету	аластау	жою

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, сұхбаттасындар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимдерін тап. Түсінгеніңді айт.

Шайқалды сан мәрте

Елімнің тұнығы.

Қазағым, асылым —

Көк түрік сынығы.

Торлап ап тұрғанда

Ұлтымды **азап-мұң,**

Оятпақ болыпты

Ұлдары қазақтың.

Әлихан, Мұстафа,

Ахмет, Міржақып

Орнатпақ болыпты

Халқына **нұр бақыт.**

Күресті: «Атсын, — деп, — елінің
ақ таңы!»

Алаштың айбынды

Асылдай ұлдары.

Зиялы, жүректі,

Қорғаны тұлғалы.

Сын жерде елінің

намысын сатпады.

«Бақытқа жетсін!» — деп

Келешек ғасырлар.

Елінің ертеңін

Ойлады асылдар.

Еске алса ұрпағы,

Кеудеге өрт толды.

Алаштың ұлдары

Ақ жолда **мерт болды.**

Күн туды күлімдеп

Асылдар аңсаған.

Ұрпағы бүгін кеп

Ақ таңын қарсы алған.

Қыранды көк байрақ

Биікке көтерді.

Елтаңба — қос пырақ,

Алысқа жет енді!

Ф. Қожахмет

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Алаштың арда ұлдары» тақырыбында ашық сынып сағатын өткізіңдер. Ашық сабақтың мақсатын, міндеттерін анықтаңдар. Слайд-шоу жасап, тұсаукесер өткізіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Кеңес өкіметі «Алашорданың» білімді де талантты қайраткерлерін азамат соғысы жеңіске жеткеннен кейін тарих сахнасынан кетіруге тырысты. Алдау мен арбау әдісін, қару жұмсап күштеу, абақтыға қамау, қатыгездік жасау, зорлық көрсету жолын қолданды. Басты саясат: оларды Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластату, қуғын-сүргінге салу болды.

Ахмет пен Міржақып

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

мазақ, ақтал, бодандық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қара. Бұл — Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына қойылған ескерткіш. Халық арасында олардың аттары «Ахаң мен Жақаң» деп қатар аталады. Осы екі тұлғаны біріктіріп тұрған не? Дереккөздерге сүйеніп жауап бер.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңді оқы. Мазмұнын айт.

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

М. Дулатұлы

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Кестеде Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тағдырын байланыстыратын ортақ сөздер берілген. Оларды қатысты-

рып, мәтін құрап жаз. Мәтінде мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдан.

бодандық	ақтал	мазақ	ілім-білім	Ы.Алтынсарин мектебінің өкілі
«Оян, қазақ!»	«Маса»	«Қазақ» газеті	Торғай елі	«Алашорда»

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Стилін анықта.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша арыздың мазмұнын анықтау үшін 4 сұрақ құрап жаз. Міржақыптың «Оян, қазақ» өлеңінен берілген үзіндіге де назар аударыңдар.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тірек сөздерді анықта. Күрделі жоспар құр.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында туған. **Ұлт-азаттық қозғалыстың** жетекшісі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ғалым, **ұлттық жазудың** реформаторы, ағартушы.

А. Байтұрсынұлы Торғайда, Орынборда білім алғаннан кейін Ақтөбеде, Қостанайда, Қарқаралыда орыс-қазақ мектептерінде сабақ берген. 1909 жылы халқын **бодандықтан** құтқару жолындағы саяси белсенділігі үшін Семей түрмесіне жабылады. 1910 жылы Орынборға жер аударылып, сонда 1917 жылға дейін болады. Өзінің сенімді достары — Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлымен бірге 1913 жылдан бастап «Қазақ» газетін шығарып, жұмысына жетекшілік етті. Ресейде патша билігі құлағаннан кейін **«Алашорда» үкіметін** құру үшін бар күшін салды. Большевиктерді мойындамай, қарсы шықты. 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында сабақ берді. 1929 жылы 2 маусымда тұтқынға алынып, Ресейдің солтүстік облыстарына жер аударылды. Кейін босап шыққанмен, 1937 жылы қайтадан қамауға алынып, атылған.

Міржақып Дулатұлы (1885-1935) — қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, көсемсөз шебері, Алаш қозғалысының негізін

қалаушы. Туған жері — Торғай уезі, Сарықопа облысының бірінші ауылы (қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданына қарасты Қызбел ауылы). Әкесі — Дулат балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды. Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлегі болатын. Өз шәкірттеріне де ол осы рухта тәлім-тәрбие, терең білім береді.

Міржақып 1913 жылы Ахмет Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады. 1920 жылы Ташкентке келіп, сондағы «Ақ жол» газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң 1922-1926 жылдары Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады. 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ зиялыларымен бірге қамауға алынады да он жылға сотталып, 1935 жылы айдауда қайтыс болады.

Халқымыздың қос ардақтысы, алаш көсемдері — Ахмет пен Міржақып 1988 жылы **ақталып**, есімдері халқына қайта оралды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздермен сөздік жұмысын жаса. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Екі тұлғаның өмірбаяндық деректері бойынша түйіндеме жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Әртүрлі дереккөзден Ахмет пен Міржақыптың достығы туралы жазылған мәліметтерді жина. Ойыңды кеңірек айт.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Төменде берілген тірек сөздерді қолданып, Ахмет пен Міржақыптың арасындағы қарым-қатынас туралы эссе жаз.

Тірек сөздер: Алаш, мемлекет, мүдде, бодандық, азат, оян, халық тағдыры, құрбан болу, сана-сезім, ұлтжанды.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Ахмет пен Міржақып туралы деректі фильм түсірсең, қандай фильм түсірер едің? Болашақ фильмнің идеясын, жанрын айтып бер.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы қазақ халқын үкіметке қарсы тұруға шақырды, бодандыққа қарсы шығуға үндеді. Халқымыздың қос ардақтысы, алаш көсемдері — Ахмет пен Міржақып 1988 жылы ақталып, есімдері халқына қайта оралды.

Бес арыстың бірі — Мағжан Жұмабаев

11-12-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

мазақ, ақтал, бодандық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Ақын» сөзімен байланысты күрделі атауларды жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құра.

Үлгі: лирик ақын; Мағжан Жұмабаев — XX ғасырдың басында өмір сүрген лирик ақын.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Бұл кісі — кім? Бүгінгі сабақтың тақырыбына бұл суреттің қандай қатысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Аудиомәтін

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Тірек сөздер: жарқырағын, әшекейлігін сүйемін, ауылда туып, Еуропа мәдениетін меңгерген, әдебиет әдебиет үшін, келешекке жарайтын сөз, артқы күнге қалуға жарайтын сөз.

1. Мәтіннің авторы — кім?
2. Мәтінде кім туралы айтылды?
3. Автор неге: «Ақынның еуропалығын, жарқырағын, әшекейлігін сүйемін», — дейді?
4. Қазақ ауылында туған ақын Еуропа мәдениетін қалай игерген?
5. Автор Мағжанның шығармашылығын қалай бағалайды?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннің стилін анықта. Сөзіңді дәлелде.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Ақынның білім жолы мен қайраткерлік жолын диаграмма түрінде жинақтап жаз.



Мағжан Жұмабаев — Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы.

Атасы — Жұмабай қажы. Әкесі — Бекен саудамен айналысқан, дәулетті адам болған. Анасының есімі — Гүлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіттің жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М. Бегішевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегішевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар һайям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып-үйренді.

1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алды. 1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды.

«Бірлік» ұйымының жұмысына белсене араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысады. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы сынды алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялайды.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитетінің құрамына сайланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша, Бүкілресейлік құрылтайға кандидат ретінде ұсынылды.

«Алаш» партиясының Ақмола облысы комитетінің мүшесі болды. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті.

1918-1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет

етті. 1919-1923 жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақ жол» газетінде қызмет ете жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы — «Батыр Баянды» жарыққа шығарады.

1923-1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыстың мәдениет қайраткерлерімен жете танысады, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады.

Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты өлең жазбаса да, «уралап айқайламадың, тап күресіне белсене араласып, кедейдің сөзін сөйлемедің» деген айыппен М. Жұмабаев қатаң сынға алынады. Мағжан 1927-1929 жылдары Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызмет атқарады.

1929 жылы М. Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрған» деген айыптаумен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М. Горький мен Е. Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады.

Ақын Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты қызметтен босатады. 1937 жылы наурызда М. Жұмабаев Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, 19 наурызда ату жазасына кесілді.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін ғылыми стильде жазылған. Осы мәтінді публицистикалық стильде қайта «өңдеп» жаз. Екі мәтіннің тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талда.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Аквариум». Рөлдік ойын. Мәтіннің мазмұны бойынша бірің тележүргізушінің, екіншің ақынның рөлінде шағын сұхбат жүргізіңдер. Диалог 4-5 репликадан аспасын. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жаз. Оларды қатыстырып, мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрап жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Оқы. Пікірлерді салыстыр. Ортақ ойды анықта.

«Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді», — деп айта алмаймыз. Толық сынау үшін оның алды-артын орап, өрісін тарылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек.

Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын — Мағжанның өлеңдері.

Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ. Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінді.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Салыстыр. Талда». Жағдаяттар: мектебіңде Мағжан ақынның шығармашылығына байланысты кеш өтеді. Кештің өтетіні туралы хабарландыру жаз. Телефонмен досыңды осы кешке шақыр. Осы екі жағдайдағы тілдік ерекшеліктерге талдау жаса.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалды.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, талантты ақын Мағжан Жұмабаев «Алашорданың» құрамындағы аса ірі тарихи тұлғалармен бірге елінің азаттығы мен бостандығы үшін күресті. Ұлтжанды ақын халқының рухани көсемдерінің бірі болды.

13-
сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?


ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Алаш» сөзімен байланысты күрделі атауларды жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құра.

	<i>партиясы</i>	<i>ресми түрде құрылды.</i>
АЛАШ	...	
	...	
	...	
	...	
	...	
	...	
	...	

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Осы бөлімде берілген мәтіндер бойынша алаш көсемдерінің бойындағы қасиеттерді диаграмма түрінде жаз. Диаграммаға сүйеніп, ұлт қайраткерлерінің қалыптасу жолдары туралы өз ойыңды айт.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Алаш қайраткерлері туралы мәліметтерді жинақтап, ауызекі сөйлеу, публицистикалық стильдерде шағын диалог құрып жаз. Олардың тілдік ерекшеліктерін талда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Жағдаят: «Алашорданың» құрылғанына 100 жыл толды. Алаш арыстарына арналған оқу кабинетін жарақтандыру сендерге тапсырылды. Топ болып не істейтіндеріңді жоспарлаңдар. Кім не істейтінін анықтаңдар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Рөлдік ойын. Мәтінді оқы. Эмблеманың авторы ретінде безендірілуі жөнінде пікіріңді айт.

«Алашорда» үкіметінің 100 жылдық мерейтойына арнайы дайындалған эмблема 1913-1918 жылдары қазақтың кіндік қаласы — Орынборда жарық көрген «Қазақ» газетінің логотипі мен осы басылымдағы «Орда гербі» атты мақалада жазылған сипаттамалар негізінде жасалды.



1918 жылы А. Байтұрсынұлының редакторлығымен басылған «Қазақ» газетіндегі аталмыш мақалада «Алашорда» үкіметінің эмблемасы туралы: «Киіз үй — киіз туырлықты халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: «түндік — жарық беретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол» дегендік. «Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жолы еркін болмасын» делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. «Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын» деген мағына еді», — деп жазылған болатын.

Күн — әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз, қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің, өмірдің белгісі.



Шаңырақ — киіз үй мен көк әлемнің арасын қосып тұратын қасиетті белгі. Қазақтың өз алдына тәуелсіз, бірлігі жарасқан ел болуын білдіреді.

Логотипте уық формалы қошқар мүйіз оюы халқымызда малшының материалдық әл-ауқатын білдірген.



«Алаш» — ежелгі түркі сөзі, ол «бауырластар, қандастар, туыстар» деген мағына береді. Көне заманда, түркі халықтарының іргесі бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Күн сәулесі түскен шаңырақтың астында «алаш» сөзі араб стилінде жазылып, киіз үй формасын жалғастырады әрі логотиптің негізгі ойын аяқтап, тұтас етіп көрсетеді.

Логотипте қоңыр түс көрсетілген. Қоңыр түс — топырақтың, ағаш тақтаның реңі. Бұл — төзімділік пен сенімділікті білдіретін түс. Сондай-ақ жердің түсі.



Жер — халықтың тіршілік орны. Осыған байланысты қазақ елінің танымында жағымды мәнде ерекшеленеді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Алаш: идеясы мен қайраткерлері» атты тақырып бойынша алған білімдеріңді қорытып, «Алаш арыстары» тақырыбында постер дайындаңдар. Сынып алдында жұмыстарыңды қорғаңдар.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Қазақстанның ең басты идеясы — Мәңгілік ел!

Отбасылық құндылықтар

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларды тыңдап, көтерілген мәселені анықтау;
- пікір білдіру;
- сызбаларда берілген ақпараттарды салыстырып бағалау;
- қорытынды жасау, көзқарасыңды білдіру;
- мәліметтерді жинақтап, шағын мақала жазу дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

некелес, неке, ажырас, өсім, қартай, ұлғай,
сан, санақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қарап, қандай ой түюге болады?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Отбасы» деген ұғымды қалай түсінесің?
2. Отбасы неден құралады?
3. Отбасының берік болуына не кепіл болады?
4. Бала тәрбиелеуде неге сүйену керек?
5. Ата-ананың ең маңызды міндеті — не?

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Отбасы мүшелері қандай болуы керек? Кластерге жаз.

ТІЛДІК БАҒДАР

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқы сыңарында басыңқыда хабарланған оқиға, құбылыс, іс-әрекеттің себебі ашылатын сабақтастың түрін *себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем* деп атаймыз.

Себеп бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолдары:

1) Есімше арқылы:

а) **-ған, -ген** жұрнағына шығыс септік жалғауы немесе **-дықтан, -діктен** жұрнағы жалғанады: *Миграция көп болғандықтан, халық саны азайды.*

ә) **-ған, -ген** жұрнақты сөзге *соң* шылауы тіркеседі: *Бала туу көп болған соң, халықтың саны артты.*

2) Көсемше арқылы:

а) **-ып, -іп** жұрнағы арқылы: *Олар уақытында тапсырманы орындап, жақсы нәтиже көрсетті.*

ә) **-а, -е, -й** жұрнағы болымсыз етістікке жалғану арқылы: *Қонақ көп отырмай, сыртқа шықты. Үйде отырғысы келмей, сыртқа шықты.*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

1. Отбасы ер адам мен әйел адамның некелесуінен құралып, отбасылық құндылықтарға арқа сүйейді. 2. Екі жас тату болғандықтан, отбасы берік болады. 3. Ата-ана бала тәрбиесінде өз міндетін дұрыс орындап, берік отбасын құруы керек.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тап.

Қоғамның негізін қалаушы құрылым — отбасы. Отбасы құрылымы қаншалықты күшті болса, қоғам да күшті болады. Отбасы — өзара құрмет, махаббат мекені. Бірін бірі сыйламайтын отбасыларда бірлік болмайды. Жүргізілген зерттеулер бойынша, 2010 жылдан бастап 2013 жылға дейін **неке саны** өскен.

Біздің дәстүрлі отбасымыз мейірім, өзара құрмет, махаббат негізінде құ-

ралған. Өзара құрмет, мейірімде өскен бала жақсылыққа бейім болады. Отбасында әркімнің орны, міндеті, жолы — бәрі орныққан. **Қазақ халқында қартайып, жасы ұлғайған** адамдарға құрмет көрсету, жастарға ізет көрсету — отбасылық құндылықтардың негізгі ережелерінің бірі.

Көптеген халықтың өсіп-дамуына, қиын кезеңдерде жойылып кетпеуіне себепші болған маңызды факторлардың бірі — дәстүрлі отбасылық құрылым. Адамды адам ететін күш — отбасынан алған тәрбие, отбасынан берген қадір-қасиет, махаббат, отбасы бірлігі. Рухани құндылықтарға ие нағыз жанұяны ешкім тізе бүктіре алмайды. Өмір ағысында алдарынан не шықса да, ол жанұя бүкіл қиындыққа төтеп береді. Тіпті шыңдалып, одан да күшейіп, артынша келетін қуаныштарымен бөліседі. Өмірді мәнді ететін де — осы емес пе? Бөлісу... Алайда бұл дәрежеге жету үшін мол сабыр, ерен еңбек керек. Еңбексіз ешбір мәселе өнбейді.

Мұсылман күнтізбесі

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарды талқылап, пікір айтыңдар

1. Бір-біріне құрметі жоқ отбасы
2. Өзара құрметі, махаббаты күшті отбасылар.
Осы екі түрлі отбасына не тән?
3. Отбасылық құрылымды жоғалтқан қоғам қандай болады?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлікке тақырып қой. Негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжолдар	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Отбасы беріктігіне себеп болатын негізгі құндылықтарды диаграммаға түсір.

Біздің дәстүрлі отбасымыз мейірім, өзара құрмет, махаббат негізінде құралған. Өзара құрмет, мейірімде өскен бала жақсылыққа бейім болады. Отбасында әркімнің орны, міндеті, жолы — бәрі орныққан. Қазақ халқында қартайып, жасы ұлғайған адамдарға құрмет көрсету, жастарға ізет көрсету — отбасылық құндылықтардың негізгі ережелерінің бірі.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Адамды адам ететін күш — отбасынан алған тәрбие, отбасынан берген қадір-қасиет, махаббат, отбасы бірлігі» деген пікірмен келісесің бе? Өз ойыңды айт.

Үлгі: Иә, келісемін, себебі Келіспеймін, себебі

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Дәстүрлі отбасына тән ерекшеліктерді кластерге түсір.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді оқып, кестені толтыр.

Қандай отбасы қиындықтарға төтеп береді?	Адамды адам ететін — не?

ЕСТЕ САҚТА!

Неке саны өскен. Қазақ отбасында әркімнің орны, міндеті, жолы — бәрі орныққан. Қартайып, жасы ұлғайған адамдарға құрмет көрсетеміз.

Отбасы күні

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

бойдақ, жағдай, ұдайы, туыл, тоқыра, жетім

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Отбасы туралы қандай мақал-мәтел білесің?
2. «Отбасым — алтын тірегім» деген ойды қалай түсінесің?
3. Отбасыңмен жиі ақылдасасың ба?
4. «Мен үшін отбасым...» деген тақырыпта ойыңды айт.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Ассоциограмма». «Отбасы құндылықтары» деген кезде ойыңа не келеді? Өз отбасыңдағы құндылық саналатын нәрселерді жаз. Диаграмманы толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Адамдар отбасын қандай мақсатпен құрады? Ойыңды дәлелдеп, жазбаша жауап жаз.

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

«Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы заңға» сәйкес Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жарлығы бойынша қыргүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып бекітілді. Мұндағы мақсат — отбасылық құндылықтарды нығайту. Отбасы адамға бақыт, толыққанды тыныс-тіршілік әкеледі. Адамдар қоғамда тіршілік етеді. Ал қоғамның ең кішкентай бөлшегі — отбасы. Сондықтан отбасы қоғамның іргетасы саналады. Отбасы — адамдардың туып-өсетін, тәрбие көріп, жетілетін ұясы. Бұл ұя — үлкенді-кішілі мүшелерінің өмір мектебі. Олар бір-бірінің білімі мен тәжірибесінен пайдаланады. Бұл өмір бойы жалғасады.

Соңғы кездері қоғам рухани құндылықтардан алыстап барады. Ол отбасының беріктігіне әсер етуде. Отбасының бұзылуына есірткі тәуелділігі, маскүнемдік, құмар ойындары да кері әсер етуде. Еуропа елдерінің экономикалық жағдайы жоғары. Соған қарамастан қоғамда егде жастағылар мен **бойдақтар** көбейіп, жастарының отбасын құрғысы келмейтіні, дүниеге бала әкелуді қаламайтыны жиі айтылып келеді. **Туылған** бала саны **ұдайы** кемуде. **Жетімдердің** саны да өсті. Бұлардың себебі рухани құндылықтардан жұрдай, өзін жоғалтқан адамдардың көбеюінде.

Түркістан күнтізбесі

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Ақпаратқа қатысты өз пікіріңді білдір.

	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Отбасы күнін бекітудегі мақсат — отбасылық құндылықтарды нығайту.		
2	Отбасы адамға бақыт, толыққанды тыныс-тіршілік әкелмейді.		
3	Балаларды қоршаған ортаға, қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру керек.		
4	Отбасы берекелі, тату болуы үшін сыйластық, мейірімділік керек емес.		
5	Жас ұрпақтың бойына халқының салт-дәстүрін, тілін, дінін сіңірудің қажеті жоқ.		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлікке тақырып қой. Негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжолдар	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Әр сөзге екі сөз тіркесін жаз.

Сөздер	Сөз тіркестері
бойдақ	бойдақ жігіт, бойдақ ...,
жағдай	жағдай ..., ...
ұдайы	ұдайы ..., ...
туыл	
тоқыра	
жетім	

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жақында «Отбасы күні» аталады. Соған орай ата-анаңа жеделхат жаз. Жеделхатта салалас құрмалас сөйлемдер болсын. Сабақ соңында үздік жеделхаттың иесін анықтаңдар.

Жұмысқа қойылатын талап:

- ата-ананың қадір-қасиеті туралы мақал-мәтел не дәйексөз болсын;
- ата-анаңның сенің өміріңде алатын орнын;
- ата-анаңды қалай бағалайтыныңды;
- болашақта үміттерін қалай ақтайтыныңды;
- перзенттік тілегіңді сауатты, жүйелі жеткіз.

ЕСТЕ САҚТА!

«Отан отбасынан басталады», — дейді халқымыз. Елдің, ұлттың, адамзаттың болашағы отбасынан басталады.

Тарихы тамырлас елдер

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

дүмпу, айқындау, жәрдемақы, егіз, үшем, төсбелгі, заңдылық, айқындау, әлеуметтік-саяси

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан Республикасы егемендік алған кезге дейін қай мемлекеттің құрамында болды?
2. Қазақстан Республикасы қалай аталды?
3. «Посткеңестік елдер» деген — не?
4. Посткеңестік елдерге қай мемлекеттер жатады?
5. Тақырып неліктен «Тағдырлас елдер» деп аталған?
6. Осы елдердің халық саны туралы не білесің?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Неліктен үкімет халық санының өсуіне алаңдайды?
2. 1989 жылы КСРО халқының көптігі неге байланысты болды?
3. Демографиялық көрсеткіш бойынша, қазіргі уақытта әлемде қандай мемлекеттер алдыңғы қатарда тұр?
4. Қалай ойлайсың, халықтың өсімі жағынан Украина неліктен Өзбекстаннан қалып қоюы мүмкін?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігін анықта. Жоспар құр. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір.

Посткеңестік елдерде адам саны күрт азайып келеді. 1991 жылы тәуелсіздік алған соң Украина 6 миллион адамға кеміді. 1980 жылдары Кеңес Одағы бала санын көбейтуге ерекше көңіл бөліп, жақсы нәтижеге жетті. Бірақ бұл **дүмпу** көпке созылмады. КСРО тараған соң барлық республиканың **әлеуметтік-саяси** жағдайына байланысты бала туу көрсеткіші азайып кетті. Себебі мемлекеттік балабақшалар жабылып, жекешелендірілді. Соның нәтижесінде бала қарау

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

шығыны артты. Күнкөріс шығыны көбейгені сонша, көп балалы отбасылар кедейлене түсті. Көп балалы отбасыларға берілетін **жәрдемақы** төмендеді.

25 жыл өткен соң Ресей Еуропа бойынша туудың ең жоғары көрсеткішіне жетті. Бала туу көрсеткіші халықтың өсімін **айқындауда** негізгі фактор саналады. Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан бала туу бойынша бұрын-соңды болмаған жетістікке жетті. Қазақстан халқы этникалық орыс, немістердің қоныс аударуынан соң 10 жылдай кеміді. Дегенмен жоғары туу көрсеткішінің арқасында қайта өсті. **Егіз, үшем** туған аналарға мәртебелі **төсбелгі** беріліп, үкімет тарапынан жәрдемақы тағайындалды. Бұл — болашағын ойлайтын елдерде міндетті түрде болуы тиіс **заңдылық**.

Посткеңестік мигранттардың көбі Ресейге көшті. Олардың біразы одақ тараған соң туыстарын іздеп барған этникалық орыстар не білім, жұмыс іздеп барғандар болды. Үш миллион украиналық Ресейге қоныстанған. Балтық эмигранттары да көп, бірақ олардың дені Ұлыбритания мен Германияға қоныс аударды. Эмигранттар арасында жастар өте көп. Соның кесірінен білімді жастар азайып, еңбек нарығында бәсеке әлсіреді, бұл — демографияға да теріс ықпал етуде.

«Егемен Қазақстан» газетінен

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі тарихи деректерге сүйене отырып, бұрынғы КСРО елдеріндегі халық санының өзгеру себептерін түсіндір.

АЙТЫЛЫМ


5-тапсырма. Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан елдерінің бала туу бойынша бұрын-соңды болмаған жетістікке жетуінің себебі неде?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. «Редактор» әдісі. Мәтінді қалпына келтіру. Өткен ғасырлардағы қазақ халқының өсу деңгейі берілген графиктегі мәліметті пайдаланып, мәтін құра. Мәтіннің кіріспе және қорытынды бөлімі болсын.

Мәтін құрастыруда мына сөздерді пайдалан: *ғасырлардан ғасырларға, кейбір құжаттар, көзге жас үйіріледі, кему, иек артты, қасірет, құрбандық, «тар жол тайғақ кешу», қан төгу, аман-есен, тауба.*



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Қолдорба» әдісі. Параққа қолдорбаның суретін салып, бүгінгі сабақтан алып кеткің келген дағдылар мен білімді сал.

ЕСТЕ САҚТА!

Егіз, үшем туған аналарға мәртебелі төсбелгі беріліп, үкімет тарапынан жәрдемақы тағайындалды. Бұл — болашағын ойлайтын елдерде міндетті түрде болуы тиіс заңдылық.

7-8-
сабақ

Абай Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері»

ЖАҢА СӨЗДЕР

кейбір, кездері, еркеленіп, мұң, зар,
кектеніп

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Абай Құнанбайұлы — кім?
2. Ол қай кезде өмір сүрген?
3. Абайдың қандай шығармаларын білесің?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Өзің қалаған үш шумақты жатта.

Адамның кейбір кездері

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.

Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға, сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
Сыналып көрген-білгенін,
Білдірсе алыс, жақынға
Солардың «сөйле!» дегенін.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл,
Не жазып кетсе, жайы — сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңнің орыс тіліндегі аудармасын оқы. Салыстырып айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарды оқып, дұрыс жауабын таңда.

1. Қалай ойлайсың, Абай бірінші шумақта «Тәңірінің берген өнері» деп нені айтып тұр?
 1. Балалары туралы
 2. Ән мен өлең туралы
 3. Аңшылық туралы
2. Абай қай өнерді меңгерген?
 1. Күйшілік
 2. Әнмен айтысу
 3. Ақындық

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Өлең не туралы? Үшінші шумақтағы «Еркеленіп шығар сөз» дегенде ақын сөздің қайдан шығатынын айтқан? Оқып, ойыңды айт.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Кірлеген жүрек» дегенді қалай түсінесің?
2. Жүрек кірлей ме?
3. Жүрек кірлесе, қалай кірлейді?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Абайдың ақын туралы жазған шумағын тауып, оқы. Ақынды қандай сөздермен сипаттайтынын тауып, диаграммаға жаз.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Берілген шумақтан ақын надандар мен зұлымдарға қалай қарайтынын тауып, айт.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Соңғы шумақта кім туралы айтылып тұр? Өлең неге «Адамның кейбір кездері» деп аталады?

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл,
Не жазып кетсе, жайы — сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.

ЕСТЕ САҚТА!

Абайдың бұл өлеңі — сөз өнері туралы.
Абай ақындық өнерді Тәңірдің берген сыйы ретінде қабылдайды.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9-10-
сабақ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Жаһанданып жатқан дүниеде қоғам ретінде «заманауи» деген ұранмен ұсынылып жатқан әдепке жат қасиеттерді сіңіріп, ақырын-ақырын түп тамырымыздағы құндылықтарымызды жоғалтып келеміз. Бұған жол бермейік! Маскүнемдік, есірткі, ұрлық, зорлық-зомбылық секілді барлық жамандықтың түбі отбасылық құндылықтардың бұзылуынан бастау алады. Ұмытпайық: отбасы күшті болса, адам да, қоғам да күшті болады. Отбасылық құндылықтарымызға бекем болмасақ, келеңсіздіктер де шешілмейді. Отбасылық құндылықтарымызды сақтап қалу қажет.

1. Жаһанданудың отбасылық құндылықтарға әсері бар ма?
2. Отбасылық құндылықтың жойылуына не әсер етуде?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Ойлан, жауап бер!

1. Қазақстанның демографиялық жағдайы жайлы не білесің?
2. Отбасыңда неше бала бар?
3. Демография бойынша бірінші орында қай мемлекет тұр?
4. Сол мемлекеттегі демографиялық ахуал жайлы білетініңді еске түсір.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Бэкроним» әдісі. «Отбасы» сөзіндегі әріптер бойынша мағыналы сөйлем құра. Сөздер бастапқы әріптен басталуы тиіс.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Оймоншақ» топтық жұмысы. «Қазақстанның демографиясын жақсарту үшін не істеуге болады?» деген сұраққа топтың әр мүшесі бір сөйлемнен айтып, мәтін құрайды. Сөйлем құрай алмаған оқушы «ыстық орындық» әдісі бойынша сұрақтарға жауап береді.

Роботтехнология қалай пайда болды?

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларды тыңдап, көтерілген мәселені анықтау;
- мәтіннің стилін анықтау;
- пікір білдіру;
- қорытынды жасау, көзқарасыңды білдіру;
- мәлімет жинақтап, шағын эссе жазу дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

көптеген, мінсіз, адамша, бұйрық, бұрыл, жартылай, құрастырушы, ажырат, жанды

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ


1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойып жаз. Сөйлемді бағыныңқы сыңар ретінде алып, себеп бағыныңқылы құрмалас сөйлем құра.

Үлгі: Жапонияда роботтың түр-түрі өндірілгендіктен, адамдар оны ұйшаруашылығында көп пайдаланады.

1. Жапония... роботтың көптеген түрі өндіріледі. 2. Жапондықтар адам... айнымайтын роботтардың неше түрін ойлап тапты. 3. Олар көңіл күйіне байланысты бет-әлпеті өзгеріп отыратын робот... түрін дамытуда. 4. «Пит Редмонд» есімді өнертапқыш 2008 жылы «Рубот II» деп аталатын робот... ойлап тапты. 5. Бұл робот рубик кубиг... 35 секундта құрастыра алады.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттер бойынша шағын әңгіме құра.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Ақылды мәшинелер» жайында не білесің?
2. Роботтар ғылымның қай саласында қолданылады?
3. Роботтың қандай түрлерін білесің?
4. Адамжасайтын қызметті роботтардың жасауы болашақта неге әкелуі мүмкін?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі роботтың түрлерін жаз. Оларға сипаттама бер.

Робот-дрон	Геймпадқа ұқсайтын, смартфон не манипулятор арқылы басқарылатын сымсыз роботты «робот-дрон» дейміз. Оны қазір түрлі мерекелік шараларды биіктіктен түсіру үшін қолданады.

ТІЛДІК БАҒДАР

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың қалай орындалғанын білдіретін сөйлем *қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем* деп аталады.

Сұрақтары: Қалай? Қайтіп? Не етіп?

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем бағыныңқы сөйлемнің баяндауышына көсемшенің **-а, -е, -й** және **-ып, -іп, -п** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Ол қуанғаннан екі қолын шапалақтап, роботына қарай жүгірді.*

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышына есімшенің **-дай, -дей** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Кең бөлме бос қалғандай, сынған роботының жанына отыра кетті.*

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті қосымшаны қойып, сөйлемді жаз.

1. Жапонияда инновация (-тық, -лық, -лік) технология дамытылып қана қоймай, жыл сайын дәстүр (-лі, -ны, -ты) көрмелер ұйымдастырылады. 2. Қазіргі кезде жанды кейіпкерлер дауысты адам (-ше, -ша, -дай) ажыратып, сөйлей алатын деңгейге жетті. Олар бұрынғы кездесулерді есінде сақтай алады. 3. Қазіргі кезде тұрмыстағы көптеген қызметті атқаратын, қадағалайтын роботтар жасалып, **интеллектуал (-тық, -дік, -дық)** роботтар пайда бола бастады. 4. Роботтехниканың дамуы нәтижесінде адамдарды бірсарынды ауыр жұмыстар (-дан, -нен, -тен) босататын роботтар автомат құрылғы мен механизм түрінде жасалуда.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтін бойынша қорытынды жаз.

«Робот» сөзі чех тілінен аударғанда «**еріксіз** еңбек» дегенді білдіретін «робота» сөзінен шыққан. Роботтың көптеген түрі бар. Робот жылжымайтын, жылжымалы, дербес қозғалатын немесе жәндік түрінде болуы мүмкін. Роботтың жадында **күрделі** бағдарламасы болады. Кейбір **жанды** роботтар айтылған сөзді адамша түсініп, адамның бұйрығын екі етпей, **мінсіз** орындайды.

Роботтар түрлі материалдан, көбінесе металдар мен пластиктерден жасалады. Олар мынандай негізгі үш бөліктен тұрады:

Біріншісі — бақылаушы. Ол компьютер бағдарламасымен жұмыс істейтін «ми» деген атпен бізге жақсы таныс.

Екіншісі — механикалық бөлшектер: мотор, қысқыш, дөңгелек және т. б. Бұл бөлшектер роботтардың жұмыс істеуіне, қимылдауына көмектеседі. Роботтар ауа, су немесе электр тогынан, сондай-ақ Күн сәулесінен **қуат** алады.

Үшінші бөлігі — тетіктер (датчиктер). Олар роботқа айналасы туралы ақпарат беріп тұрады. Роботтар жан-жағына бұрылып, түрлі әрекеттер жасайды. Роботтар адамның атқаратын қызметін жартылай ғана орындай алады.

«Оқушының алғашқы энциклопедиясы» кітабынан

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлікке тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Ойбөлік	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тауып, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құра.

Үлгі: мінсіз — мүлтіксіз, ақаусыз, кінәратсыз. Бұйрығын мүлтіксіз орындаған роботына да қарамай, әкесіне қарай жүгіре жөнелді.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қой. Осы сұрақтарды пайдаланып, көршіңмен сұхбат құр. Ол саған үлгідегідей жауап берсін.

Үлгі:

Сұрақ: «Робот» сөзі не мағына білдіреді?

Толық жауап: «Робот» сөзі чех тілінен аударғанда «еріксіз еңбек» дегенді білдіретін «робота» сөзінен шыққан.

Қысқа жауап: «Робот» сөзі «еріксіз еңбек» деген мағынаны білдіреді.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жағдаят: жақында анаңның туған күні. Ағаң анаңа робот-шаңсорғыш сыйлау туралы ұсыныс жасады. Әкең бұл ұсынысты қолдамады. Әкеңе дереккөздердегі ақпаратты пайдаланып, робот-шаңсорғыш туралы айтып бер.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Ақпарат көздерінен 10-18 жас аралығындағы балалар арасында өтетін «Дүниежүзілік роботтар олимпиадасы» туралы мәлімет жина. Осы олимпиада жеңімпаздары жөнінде тұсаукесер дайында.

ЕСТЕ САҚТА!

Менің ағамда робот-дрон бар. Біз анамның туған күніне робот-шаңсорғыш сыйладық.

Гуманоид роботтар туралы не білесің?

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

иелен, ым-ишара, жабдық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша 4-5 сұрақ дайындап, көршіңнен сұхбат ал.



Вакамару роботы



Гуманоид робот — София

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып жаз. Ол қосымшаларды неге қойғаныңды түсіндір.

1. «Вакамару» есімді робот қоғамдық шаралар... гид қызметін атқару, келушілер... қарым-қатынас жасау, ересектер жұмыс... кеткенде үйде қалған жас сәби... «бағу» үшін жасалған. 2. Бұл робот адам... интернеттен қажет ақпарат... тауып бере алады, иесі болмаған кезде үй... күзетеді. 3. Вакамару адам шақырғанда бет... бері бұрып, сұрақ қойғанда жауап қайтарады. 4. Жапония... өткен «ЭКСПО-2005» кезінде гуманоид робот келушілер... қарсы алып, павильондағы заттарды таныстырған.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде жауабы бар сұрақты белгіле. Сұрақтарға жауап бер.

А) Вакамару — қандай робот?

Ә) Ол Қытайда жасалған ба?

Б) Вакамару роботы қанша тұрады?

В) Оңтүстік корейлық ғалымдар қандай робот ойлап шығарды?

Г) Асимо роботының бет-әлпеті Эйнштейнге ұқсай ма?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі роботтар туралы қысқаша мәлімет жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Гуманоид роботтар — дене бітімі адам денесіне негізделген роботтар. Олар «андроид роботтар» деп те аталады. Олар адамның физиологиялық, ақыл-ой ерекшеліктері жағынан әлдеқайда жетілдірілген. Гуманоид роботтардың басы, екі қолы, екі аяғы мен кеудесі бар. Кейбір гуманоид роботтардың беті, көзі мен аузы да бар.

«Шеки» роботы 1966-1972 жылдар аралығында «Жасанды ақыл-ой» зертханасында жасалған. Шеки — өз әрекеттерін тұжырымдай алатын алғашқы робот. Оның теледидар камерасы, қашықтық өлшеушісі, дыбыс беретін тетігі бар.

«Крио» — «Sony» компаниясы шығарған, сатылымға түскен екі аяқты ойынсауық роботы. Ол дауысты ажыратып, бет-әлпетті тани алады. Олар ұнамды немесе ұнамсыз адамдарды есте сақтайды, сөйлей алады. Олар ақылды, қабілетті роботтар ретінде танылған.

«Оқушының алғашқы энциклопедиясы» кітабынан


ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіннің стилін анықта. Кестені толтыр. Сөзіңді дәлелде.

Мақсаты	Қолданылатын орны	Сипаты	Тілдік құралдары

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, гуманоид роботтардың ерекшелігін диаграммаға түсір. Осы сөздерді қолданып, сөйлем құра.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Өзіңе ұнаған бір гуманоид робот туралы қосымша ақпарат жина. Қашан жасалғаны, кім ойлап шығарғаны, дене бітімі, қандай әрекетті орындай алатыны туралы мәліметтерді пайдаланып, мінездеме жаз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Компьютербасты жарты адамдар» өлеңінен алынған үзіндіде ақын Мұхтар Шаханов қандай адамдар туралы айтты? Осы үзіндіні негізге алып, ой бөлісіңдер.

Қол қусырып, көнеміз бе,
Үнсіз жата береміз бе,
Робот — түйсік арқаланған,
Мейірімі тұл, жарты адамдар
Жердің бетін түгел жаулап жеңгенше?..

ЕСТЕ САҚТА!

Мен гуманоид роботтар туралы ақпаратпен таныстым. Мұхтар Шаханов қазіргі кезде адамдардың мейірімсіз, қатыгез болып бара жатқанын айтып, оларды роботқа теңеген.

«ЭКСПО-2017» көрмесіндегі роботтар

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

енгізіл, бастапқы, нұсқа, бағдарламалық,
пішін, өздігінен, дәл

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «ЭКСПО» тарихы туралы не білесің?
2. «ЭКСПО» алғаш рет қай мемлекетте өткізілді?
3. «ЭКСПО»-ның ел экономикасына қосатын қандай үлесі бар?
4. Өзің астанада өткен «ЭКСПО-2017» көрмесіне бардың ба?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Ассоциограмма». «ЭКСПО» деген сөзді естігенде ойыңа не келеді? Өз еліңде өткен «ЭКСПО» көрмесінде қандай тамаша туындылар көрмеге қойылды? Диаграмманы толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мемлекеттер «ЭКСПО» көрмесін не үшін ұйымдастырады? Ойыңды дәлелдеп, жазбаша жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңе қой.



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтіннің стилін анықта.

«ЭКСПО-2017» көрмесінің аясында өткен ұлттық роботтехника сайысына еліміздің қалалары мен облыстарынан 150 команда қатысты. Бұл жарыс балалардың ғылым, математика, жаңа технология және инженерия туралы білімдерінің тереңдігін көрсетті.

Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушысы — Арайлым Русланқызы ұсынған жоба автоматтандырылған роботтар арқылы топырақты құнарландыруға бағытталған.

Астанадағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары жыраққа сапарлап кеткенде үйдегі балықтарды телефон арқылы тамақтандыруға мүмкіндік беретін жаңа жүйені ойлап тапқан. Ал көлік апатын азайтуға мүмкіндік беретін ақылды көше жобасы жолдан өткен жаяу жүргіншіге көліктің жақындап келе жатқанын білдіріп, дабыл қағады.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Дәлелде.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
«ЭКСПО-2017» көрмесінің аясында өткен ұлттық роботтехника сайысына еліміздің қалалары мен облыстарынан 250 команда қатысты.		
Бұл жарыс балалардың орыс тілі, математика, география туралы білімдерінің тереңдігін көрсетті.		
Арайлым Русланқызы ұсынған жоба автоматтандырылған роботтар арқылы топырақты құнарландыруға бағытталмаған.		
Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары үйдегі балықтарды телефон арқылы тамақтандыруға мүмкіндік беретін жаңа жүйені ойлап тапқан.		

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Әр сөз бойынша сөз тіркестерін, оларды қатыстырып қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрап жаз.

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
енгіз	зауытқа енгізу	Бүкіл бұқаралық ақпарат құралдарының назарын өзіне аударып, жаңа роботтарды зауытқа енгізді.
өздігінен		
бастапқы		
бағдарламалық		
дәл		
нұсқа		
пішін		

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жақында «ЭКСПО» көрмесі өтеді. Соған орай басқа қаладағы достарыңа жеделхат жазыңдар. Жеделхатта қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді пайдалануға тырысыңдар. Сабақтың соңында үздік жеделхаттың иесін анықтаңдар.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- «ЭКСПО» туралы дәйексөз болсын;
- «ЭКСПО»-ға қатысатын мемлекеттер туралы қысқаша мәлімет бер;
- ойыңды сауатты, жүйелі жеткізуге тырыс.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Қажетті сөздерді қойып, сөйлемді жаз.

Қажетті сөздер: революция, жаңа технология, туристердің, даму, болашақ энергиясы.

1. «...» атты өзекті тақырыпты ұсынудың арқасында жеңіске жеттік.
2. Іс жүзінде ІІІ индустриялық ... жасыл экономикадан басталмақ.
3. Қай елде жасыл экономика болса, ... соның қолында болады.
4. Ал жаңа технологиясыз ... жоқ.
5. Қазақстанға ... қызығушылығы зор.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Әлем тамашалаған «ЭКСПО-2017» деген тақырыпта фотоколлаж дайындаңдар. Оны сыныпта қорғаңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Мен «ЭКСПО-2017» көрмесіне бардым. Маған өз еліміздің павильоны қатты ұнады. Көрмеден көптеген қызық мәлімет алдым.

7-8-
сабақ

Қазақстандық өнертанқыштар

ЖАҢА СӨЗДЕР

қалып, ұшыра

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша 4-5 сұрақ дайындап, көршіңнен сұхбат ал. Дереккөздерден осы робот туралы мәлімет жина.



Шолпан — гид-робот

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелді жаз.

Қажетті сөздер: еңбектің, ғылымның, білім, на-данмен.

- ... аспайтұғын қыры, ашпайтұғын сыры жоқ.
- Ғылым — ... жемісі.
- ... дос болғанша,
Кітаппен дос бол.
- Алтын алма, ... ал.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті қосымшаны қойып, сөйлемді жаз.

1. Өнертапқыш Тимур Рысбеков (-ны, -дың, -тің) роботы күзет жүйесінің міндетін атқара алады. 2. Робот (-да, -та, -на) орнатылған камераның мүмкіндігі жоғары. 3. Тимурдың роботы отан (-дық, -тік, -дік) ғалымдардың ғана емес, шетелдік сарапшылардың қызығушылығын тудырып отыр. 4. Тимурдың тағы бір жұмыс (-сы, -і, -ы) қоршаған ортаны талдауға арналған. 5. Бұл робот тұтастай бір метеорологиялық стансының қызмет (-н, -ін, -ын) атқарады.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Өнертапқыш Серікбол Шаймардан электронды бесік жасады. Қалыптан бөлек «Smart Бесік» батерея немесе электр тогымен жұмыс істейді. Бесікті пульттің көмегімен басқаруға болады. Бесік 5 режим бойынша ақырын я жылдам тербеледі. Тербетілу уақытын 90 минутқа дейін созуға болады.

Енді ата-аналар сәби жыласа, жан ұшыра жүгірмейтін болды. Бесік бала жылаған кезде оны бірден сезіп, тербеле бастайды. Ата-анасы пульт арқылы белгілі бір режимді таңдап қоя алады.

Бесікте баланың күйінен хабар беретін бірнеше құрылғы бар. Оның бірі бөбектің дене қызуын бақыласа, екіншісі жөргектің ылғалдығын анықтайды. Егер баланың қызуы бөлме температурасынан түсіп не асып кетсе: «Балаңыз тоңып қалды» немесе «Балаңыз ауырып қалды» деген дыбысты ескерту айтылады.

Ақылды бесік сәбиге қазақтың күйлерін тыңдатып, өлең де айтып береді.

Газет материалдарынан

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төмендегі тақырыпшаларды мәтін мазмұнының жүйесімен сәйкестендір.

Тақырыпша	Мәтін жүйесі
Бесіктен келген хабар	
Бесік режимі	
Әнші бесік	
Шаймарданның жаңалығы	

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұптасып, бірің өнертапқыш, енді бірің тілші болыңдар. Тілші өнертапқыштан бесігі туралы сұрап, ол сұрақтарға жауап беруі тиіс.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Берілген сөз орамдарын пайдаланып, көршіңмен шағын сұхбат құр.

- Алдына жан салмады
- Ана сүтін ақтады
- Мерейі үстем болды
- Атағы жер жарды
- Елден ерекше жаратылған

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Жас өнертапқыш» деген тақырыпта дәйекті эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кесте дайындап, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, идеяңды дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... сияқты тапсырмаларды орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанда өнертапқыш көп. Олар түрлі халықаралық бәйгелерде жеңіске жетіп жүр. Менің де өнертапқыш болғым келеді.

Айзек Азимовтің «Мен роботпын» жинағынан үзінді

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

жалдамалы, әрекеттен, үдемелі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: ойламас, көрген, бұлақ, қолың.

- Ғылыммен жақын болсаң, ...жетер,
Залыммен жақын болсаң, басың кетер.
- Өнер — ағып жатқан ...,
Ғылым — жанып тұрған шырақ.
- Кең ойлаған
Кем
- Көп жасаған білмейді, көп ... біледі.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Саған фантастикалық шығармалар ұнай ма?
2. Қандай фантастикалық шығармаларды оқыдың?
3. Фантастика тақырыбында жазатын қандай жазушыларды білесің?
4. Соңғы уақытта қандай фантастикалық кино көрдің?
5. Фантастикадағы жайттар өмірде шынайы болуы мүмкін бе?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Айзек Азимов қандай тақырыпта эссе жазды?
2. Жазушы өз эссесінде не туралы айтты?
3. Фантаст-жазушының қандай жорамалдары іске асты?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша 4 сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбат құр.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті оқы.

- Ернұр, саған фантастикалық шығармалар ұнай ма?
- Иә, мен оларды қызығып оқимын.
- Кімнің шығармасын оқыдың?
- Айзек Азимовтің «Мен роботпын» жинағын оқыдым. Өте қызық шығарма.
- Солай ма? Онда не туралы баяндалған?
- Айда тұратын Джимми бала туралы айтылады. Оның «Работт» деген досы бар. Екеуі үнемі бірге жүреді. Ол радиобелгі арқылы Джиммиді барлық жерден тауып алады. Оған ылғи көмектеседі, өзінің шын дос екенін ылғи дәлелдейді. Джиммиге әкесі жерден күшік әкеп береді.
- Қандай қызық? Ол жанды күшік пе?
- Иә, бірақ Джиммиге әкесі: «Біз екеуін бірдей ұстай алмаймыз. Сондықтан біреуін таңда. Робот металл мен сымдардан жасалған. Ал күшік — жанды жануар», — дейді.
- Джимми қайсысын таңдайды?
- Шығарманы өзің оқы. Өте қызық.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Берілген сөйлемді қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерге айналдырып жаз.

1. Қазақстанда жалдамалы еңбек тәжірибесі заң жүзінде бекітілмегендіктен, жұмысшылардың құқын қорғау мүмкін болмай отыр. 2. Алматыдағы ойын-сауық орталықтарындағы роботтар жалдамалы тұрғынүй туралы жан-жақты мәлімет беріп, тұрғындарды таңғалдырды. 3. Адам адалдықты өз әрекетінен байқай алады, сондықтан өнерде адал болу керек. 4. Жаңадан шыққан құралдар үдемелі қозғалыс кезіндегі жылдамдықты реттеп отыратындықтан, көптеп шығарыла бастады.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

7-тапсырма. «Маған ұнайтын фантастикалық фильм» деген тақырыпта эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кесте дайындап не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, идеяңды дәлелде.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаят: жазғы демалысқа шықтың. «Әдебиет» пәнінің мұғалімі жазғы демалыста фантастикалық кітаптар оқуға кеңес берді. Қандай кітаптарды оқуды жоспарлайсың? Тізімін жаса.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
2. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
3. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

ЕСТЕ САҚТА!

Айзек Азимовтің 1964 жылы айтқан жорамалдары қазіргі кезде қолданысқа енді. Ал кезінде ол адамдарға фантастика болып көрінетін.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-12-
сабақ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Қосымша ақпарат құралдарынан роботтар туралы ақпарат жина. Осы ақпаратты пайдаланып, «Ақылды роботтар» тақырыбында монолог құрап айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Қазіргі заманғы роботтар адамдарға көмектесу, қорғау, көңіл көтеру үшін жасалған. Алдағы 30-40 жылда роботтар адам сияқты сөйлеп, түсінетін, «ойлай» алатын болады. Роботтар физиологиялық жағынан адамдарға қарағанда күштірек болып келеді. Ғалымдар жүгіруге, секіруге келгенде олардың адамнан басым түсетініне сенімді. Олар қоқыс қораптарын шығару, итті қыдырту сияқты көптеген жұмысты орындайтын болады. Бағдарланған бағыттарды жоспарлайтын лифтіге қызмет көрсететін, медициналық керек-жарақты жеткізетін роботтар мен еден жуып, дәретханаларды тазалайтын роботтар жақын болашақта қалыпты жағдайға айналады.

Ғалымдардың болжауынша, болашақта үй тіршілігін атқаратын, кәрі адамдарды қарайтын, ауылшаруашылықпен айналысатын, өздігінше шешім қабылдай алатын интеллектуалды роботтар пайда болып, адамдар оларды еркін пайдаланатын болады.

«Оқушының алғашқы энциклопедиясы» кітабынан

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннің стилін анықта. Мәтіндегі түсініксіз сөздерді теріп жазып, мағынасын анықта. Түсіндірме сөздікті, kitap.kz сайты пайдалан.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Термин сөз	Сипаттама
қалыпты	«Тұрақты, өзгермелі емес» дегенді білдіреді.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерге басыңқы не бағыныңқы сыңар қосып, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрап жаз.

Санжар Асықбаев өзінің командасымен бірге қоқыс тазалайтын робот ойлап шығарды. «Трэвиш» деп аталатын бұл робот қала көшелерін қоқыстан тазартуға көмектеседі. Робот Күн батареясы арқылы өзінің энергия қорын толтырып отырады.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Автормен сырласу» ойыны. Фантаст-жазушы Айзек Азимовке жасаған жорамалдары туралы хат жаз.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Роботтар мен киборгтар әлемі» тақырыбы бойынша ойларыңды жинақтап айтыңдар. Сынып шеңбер құрып отырсын. Кезекпен барлығың тақырып бойынша түйінді ойларыңды айтыңдар. Идея қайталанбауы тиіс.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын — оның ісі.

Н. Ә. Назарбаев

Туризм – мәдениет көрсеткіші

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- ойыңды мысалдар арқылы дәлелдеу;
- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдердегі мәтіндерден күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтау;
- сенімді түрде пікір таластыру;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;
- көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп, эссе жазу;
- мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрау;
- оларды мәтін құрауда орынды қолдану дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

сауықтыр, құқықтық, табиғи-географиялық, насихатта

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Туризм» дегеніміз — не?
- Әдетте туризм неге әсер етеді?
- Туризм бизнестің қандай түріне жатады?
- Қай салада туризмнің маңызы артып келеді?
- Туризмнің қандай салаларға жанама ықпалы бар?
- Бұл әлемдік өндірісте нені білдіреді?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме жаз.



ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.


МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты қысқаша жаз. Жазған ақпаратты пайдаланып, мәтіннің мазмұнын баянда.



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Туризм — адамның бос уақытында өз еркінше көңіл көтеріп, демалуы, басқа жерді көріп, қызықтауы, ерікті түрде саяхаттап, серуендеуі. Қазіргі кезде туризм — табысты әрі тез дамып келе жатқан **халықаралық** сауда сегменттерінің бірі. Халықаралық туризмнің үлесі экспортқа шығарылатын дүниежүзілік табыстың 8 пайызын, қызмет көрсету секторы экспортының 37 пайызын құрайды.

Туризмнен түскен **табыс** мұнай, мұнай өнімдері және автомобиль экспортының табысынан кейін **тұрақты** түрде үшінші орын алады.

Туризм туристер баратын жаңа аумақтар есебінен дамып отырады. Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайы **әлемдік** туристік нарықта лайықты орын алуға мүмкіндік береді. Қазіргі туризм жыл сайынғы **ақылы** еңбек демалысымен байланысты. Бұл — адамның демалуға, **бос уақытын** еркімен өткізуге құқықты екенін көрсетеді. **Ол** жеке адам, адамдар мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті байқатады.

Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша негізгі идеяларды қысқаша тезис түрінде жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтін мазмұны туралы пікіріңді жаз.

Пікір: оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді жаз. Не себепті ол сөздерді қойғаныңды түсіндір.

Қажетті сөздер: туризм, қалыптасуына, ықпал, маңызы, халықаралық.

1. ... — Қазақстан экономикасындағы қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. 2. Туризм көп елде жалпы ішкі өнімнің ... , қосымша жұмыс орнын құруға, сыртқы сауда балансының белсенділігіне ... етеді. 3. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің біріне айналды. 4. Туризмнің ... жыл санап өсуде, оның ... байланыста валюталық түсім көзі ретінде маңызы артуда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Саяхатқа, жол жүруге байланысты мақал-мәтел жазыңдар. Олардың бірін тақырып ретінде алып, ойларыңды ортаға салыңдар.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой. Олардың қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құра. Сөздерге қажетті қосымшаларды жалғап, сөйлемнің мағынасына қалай әсер етіп тұрғанын дәлелде.

Қазіргі, жоғары, басым, жыл сайын, өзара, бас кезі, табиғи-географиялық.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Сурет бойынша шағын әңгіме жаз. Әңгімеңде есімдіктерді пайдалан.




14-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Сипаттама
Туризм	Туризм — Қазақстан экономикасындағы қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі.

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Туризм» тақырыбы бойынша кластер құрастыр.



АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

Асқар: Арай, сәлем! Жазғы демалыста не істейсің?

Арай:

Асқар: Саяхаттауға қалай қарайсың?

Арай:

Асқар: Қайда барғанды ұнатасың?

Арай:

Асқар:

Арай:

Асқар:

Арай:

Асқар:

Арай:

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

17-тапсырма. Қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, мәтіндегі «Дамыған елдерде туризм, әсіресе мәдени туризм өте жақсы дамыған» деген сөйлемдегі ойды нақты дәйектер келтіріп, дәлелде.

ЕСТЕ САҚТА!

Туризмнің экономикалық маңызы зор. «Дүниежүзілік туризм» ұйымының белгілеуі бойынша, 88,5 шақырым қашықтықта 24 сағаттан артық уақыт аялдаған адам турист саналады. Турист қызықтау, көңіл көтеру, жаңа нәрсені көріп, тамашалау, өзін сынап, қауіп-қатерге тәуекел етуді көздейді.

Қазақстандағы туризм

3-4-
сабақ


ЖАҢА СӨЗДЕР

баурай, қолжетімді, демалушы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерде туризмнің қандай түрлері бейнеленгенін жаз.



Туризмнің түрлері

этнотуризм

тау туризмі

емдік-сауықтыру туризмі

мәдени-танымдық туризм

аңшылық пен балық аулау

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша диаграммадағы сөздерді пайдаланып, диалог құрыңдар. Тақырыпқа байланысты сөйлеу әдеби үлгілерін дұрыс таңдаңдар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді жалғастырып айт.

Тірек сөздер: демалушы, қолжетімді, тартымды, үйлесімділік, демалыс аймағы, көрнекті.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Отбасымызбен саяхатқа шығамыз» тақырыбында шағын шығарма жаз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты айт.

Пікір: оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жаз. Оларды қатыстырып мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер құра.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Жағдаят: туристік кеңсеңе шетелдік қонақтар келді. Еліміздегі қай туристік аймақта демалуға кеңес берер едің? Диалогті жалғастыр. Қосымша ақпаратты пайдалануға болады.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе!

— Қазақстанға бірінші рет келіп тұрмын. Еліңіздегі демалыс орындары мен туризм түрлері жайында айтып бере аласыз ба?

— Әрине. Бізде туризм жақсы дамыған. Туризмнің қай түріне қызығасыз?

-
-
-
-

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Ер адамдар аңға шығып, балық аулағанды ұнатады» деген тақырыпта мәтін құрастыр.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, қазақ, орыс тілдеріндегі баламаларды сәйкестендір. Сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыр.

комплекс	баурай
отдыхающий	қолжетімді
водохранилище	демалушы
региональный	тармақ
подножие	суқойма
доступный	кешен
пункт	өңірлік

Қазақстандағы киелі орындар

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

ерекшелен, жауһар, жерасты, рәсімде, телегей, үйлесімді

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Қазақстандағы демалыс орындары» деген тақырыпта сұхбат құрыңдар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелді оқы. Түсінгенінді айт.

Туған жердің ауасы да шипа, жуасы да тәтті.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.


Жақсы жігіт жер шолып, ақыр түбі айналар.

Бөтен жердің гүлінен туған жердің тікені артық.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, шығарманың идеясы мен мазмұнын айт.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жағдаят: жазғы демалыс басталды. Сынып болып, еліміздегі киелі орындарға экскурсияға шықпақсыңдар. Қай жерлерге барғың келеді? Тізімін жаса.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінде айтылған шынайы ақпаратты жаз.

«Кие» — қазаққа қанмен дарыған ұғым. Киелі дүниенің бәріне құрметпен қарап, қадірлейміз. Қазақ баласы үшін Қазақстанның әр өңірі, тау мен тасы, өзен мен көлі киелі. Киелі орындарға қазақ халқы ерекше құрметтейтін табиғат ландшафтын, мәдени мұра ескерткіштерін, кесенелер, жерасты қалаларын, сондай-ақ тарихи және саяси маңызды орындарды жатқызамыз.

2003 жылы ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік мұра» тізіміне Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі енгізілді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының тарапынан аталған тізімге енгізуге ұсынылған 23 ескерткіштің сегізі Түркістан облысында орналасқан. Олар: Жуантөбе, Қараспантөбе, Күлтөбе, Сидақ, Сауран ежелгі елді мекендері, Бөріжар қорымы, Отырар ескерткіштері, Түркістан қаласы. Оңтүстік Қазақстанда киелі жер көп. Арыстан бап, Қожа Ахмет Ясауи, Ибрагим ата, Қарашаш ана кесенесі осы аймақта. Арыстан бап кесенесінің жанында шипалы, тұзды сулы құдық бар.

Қазақтар Түркістан қаласын «екінші Мекке» деп атайды.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

7-тапсырма. Қажетті сөздерді пайдаланып, «Қазақстандағы киелі орындар» деген тақырыпта сұхбаттасындар.

Қажетті сөздер: киелі, тау, тас, жерасты, су, кесене, қорым, ескерткіш, тарих, мәдениет.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, сөздердің баламасын жаз.

Рәсімде	
Телегей	
Үйлесімді	

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құра. Бір мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем болсын.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Әр азатжолға не сөйлемге төмендегі белгілерді қойыңдар. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойыма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

ЕСТЕ САҚТА!

Елімізде киелі орын көп. Атап айтсақ: Бекет ата кешені, ежелгі Тараз, Ұлытау, Түркістан, Сайрам, Алтай, Жетісу өңірлері. Қасиетті орындарымызды әлем халқына танытумен қатар еліміздің болашағы — жас ұрпаққа таныстыру қажет.

«Туған жер» бағдарламасы

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

жайлы, алғаш, шабадан, заңнама, белсендір

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген мақал-мәтелді түсініп оқы. Өзіңе ұнаған мақал-мәтелді қатыстырып, шағын мәтін құрап жаз.

Жалықтырса ұзақ сапар, жат мекен,
Туған елдің түтіні де тәтті екен!

Туған жер — тұғырың,
Туған ел — қыдырың.


Ел қадірін көрген біледі,
Жер қадірін жүрген біледі.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Отан отбасынан басталады.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар.



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Туған жер» бағдарламасы туралы айтып бер. Қосымша ақпаратты пайдалан.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі ақпарат бойынша өз ойыңды айт.

Кезінде «Тұзды көл» деп аталатын көлдің жағасында тұратын бір байдың «Кәлкен» деген жалғыз қызы болады. Қыз бой жетіп, көрші рудың бір жігітіне ғашық болыпты.

Екі жас үйленбекші болған кезде қыздың әкесі қарсы болады. Жігіт бір байдың жылқышысы болғандықтан, әкесі қызына тұрмысқа шығуға рұқсат бермейді.

Сүйгеніне қосыла алмаған Кәлкен сұлу қайғыдан қайтыс болады.

Үш күн өткен соң бай судың жағасына барса, мөлдіреп жатқан көл қара болып кетіпті. Бай жалшыларына суды батпақтан тазартуды бұйырады. Бірақ байдың өзі де, адамдары да батпақтың арасынан шыға алмай өледі.

Бұл жерді халық «Кәлкен» деп атап кеткен екен.

С. Қасқабасовтың «Елзерде» кітабынан

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Қосымша ақпараттан жер-су атауларына байланысты аңыздарды тауып, көршіңе айтып бер.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, «Туған жерім — тұғырым» тақырыбы бойынша эссе жаз.

Талаптар:

• Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.

- Тақырыптан ауытқымаған дұрыс.
- Тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет.
- Өмірмен байланыс болуы тиіс.
- Өзіндік тың пікірлер келтіру керек.
- Баяндау стилі нақты болуы шарт.
- Көркемдеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет.
- Көлемі — 150-170 сөз.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сурет бойынша «Туған жер — алтын бесік» деген тақырыпта әңгімеле.



9-тапсырма. Мәтінді алдыңғы мәтіндермен салыстыр. Олардың стилі мен жанрлық ерекшеліктерін талда. Өзің тұрған жердегі жер-су атауларына байланысты қандай аңыздар бар? Қосымша ақпаратты пайдаланып айтып бер.

Балқаш қаласының оңтүстік-шығысынан 60 шақырым жерде «Әулие тау» деп аталатын тау бар. Жергілікті халық оны «Бектау ата» деп атайды. Халық аңызы бойынша, қасиетті Атабек өткен ғасырларда өмір сүріпті. Ол бірде шапқыншылық кезінде жаудан қашып келіп, осындағы ең үлкен үңгірге тығылады. Сол кезде Алланың әмірімен үңгір ішінде су қайнары пайда болады. Таудың 80 метр биіктегі үңгірінде тығылып жатқан Атабекті шапқыншылар таба алмапты. Содан халық бұл жерді «Әулие» деп атайды. «Әулие тау» атауы тауға сиыну, табынуға байланысты қойылса керек.

Әулиенің басына тәу етіп, түнейтіндер көп. Оның суы көптеген ауруға ем. Келгендер ақтық байлайды, басына мал шалады. Шипалы суынан ішеді.

«Өлке туралы аңыздар» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді теріп жаз. Оларға жұрнақтар жалғап, мағынасын өзгерт. Не байқадың?

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Әр азатжолға не сөйлемге төмендегі белгілерді қойыңдар. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойыма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

ЕСТЕ САҚТА!

Жер-су атаулары — халық қазынасы, өткен өмірінің айнасы. Жер-су атауларын зерттейтін ғылым саласы «топонимика» деп аталады.

Ілияс Жансүгіров – лирик ақын

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

тартымды, сақтандыр, ынталандыр,
сапасыз, жиһангер


МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретте кім бейнеленген? Сипаттап бер.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттегі ақын туралы білетін ақпаратыңды жазып, көршіңмен бірге кластерді толтыр.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.
Түсінгеніңді баянда.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша
сұрақтар құрастыр.



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыс не дұрыс емесін көрсет.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Ілияс Жансүгіров — ақын, драмашы, прозашы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ақынның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығына жатады.		
Ол 1899 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық курсты бітіріп, ауылында мұғалім болған.		
Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдер курсын бітіріп, көрші ауылда мұғалім болған.		
Кейін «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды.		
Ілияс Жансүгіров 1934 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары болып сайланды.		
1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.		

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңдегі қою қаріппен берілген сөздерді пайдаланып, сұхбат құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. 1) Мәтіндегі бейтаныс сөздерді теріп жазып, сөздіктің көмегімен баламасын тап. Сөздерді қатыстырып, 3 сөйлем құра.
2) *Тартымды, сақтандыр, ынталандыр* сөздерінің орыс тіліндегі баламасын тап. Мағынасын түсіндір. Сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін, сөйлем құра.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлеңді оқы.

Жетісу суреттері

Жер таппан жерде жетер **Жетісуым:**

Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,

Асқардың аспан сүйген сіленкейін

Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын?!

Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу құз,

Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым.

Асқардан ақтарыла арқыраған,
Жөкеңнің кім аңсамас балдай суын?!
Жетісу, кеудең — асқар, аяғың — көл,
Қоңың — құм, мықыныңда бар сексеуіл.

Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,
Ол бір маң — мал өсірген өлкедегі ел.
Көктемде **құмнан әсем жер** болсын ба?
Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер.
Бойдағы бозбаладай асыр салса,
Қозысы құйрықтанып, дөңгеленер...

Илияс Жансүгіров

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтап, талда.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптасып, бірің — ақын, бірің — тілші болыңдар. Тілші ақыннан өлең туралы сұрап, ақын сұрақтарға нақты жауап беруі тиіс.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Елімізде бірнеше мектепке, көшеге, аудан, елді мекенге, Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне І.Жансүгіровтің есімі берілді. 1994 жылы университеттің алдындағы алаңға ақынның қоладан құйылған ескерткіші орнатылды. Талдықорғанда ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді.

Жетісу суреттері

11-12-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

үйлесімді

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

- 1-тапсырма.** Суретте не бейнеленгенін айтып бер.



ЖАЗЫЛЫМ

- 2-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап жаз.

1. Ақ қарлы тауларды бұрын көрдің бе?
2. Таудың етегінде не өсіп тұр?
3. Қызғалдақ жылдың қай мезгілінде шығады?
4. Суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?
5. Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?
6. Табиғат көріністерін суреттеуді не деп атайды?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

- 3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- «Жетісу суреттері» өлеңі неше бөлімнен тұрады?
- Жетісу қай өңірде орналасқан?
- «Жетісу суреттері» өлеңіндегі «Жер түгі» деген бөлімінің толық нұсқасында шөп, ағаштың неше түрі айтылады?
- М. Әуезов ақын туралы қандай пікір айтқан?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

- 4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты қысқаша жаз. Жазған ақпаратты пайдаланып, мазмұнын баянда.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Өлеңді оқы. Тақырып қой.

Ағашта өзің білген **қарағай**, тал,
Жалғыз-ақ неше алуан түрлісі бар.
Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,
Ақ сасық, **қызыл** қайың, барша,
шынар.

Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен,
Үйеңкі, шырғай, балғын тораңғылар,
Сары ағаш, қойқарақат, жиде, шетен,
Тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрттар,
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік
Сықылды **ағаштардың** талайы бар.
...Ақшалғын, көкмарал, бетеге, раң,
Жапырақтеңге, бұйра қисық иық,
Балдырған, қорғасын, атқұлақты,
Елік **жүр** сонысында соны қиып.

Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ.
«Қымыздық», «қызсаумалдық»
дейтіндерге
Ат қойған **тау елінде** сүйіп шын-ақ...
...Құстаңдай **самал соқса**,

сыбырласады
Әзілді әйел, ажын-абысындай.

Солармен судырласып ойнайды жел
Дүрмектің қақпар тартқан
шабысындай.
Неше елді аттандырған құтты қоныс
Әлі тұр **әсемдігі** таусылмай.

Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің **Жетісудың** бәрі сондай!

Илияс Жансүгіров

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе
бөлім

Негізгі
бөлім

Қорытынды
бөлім

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен аң, құс, жәндік пен өсімдік атауларын теріп жаз.

Аң	
Құс	
Жәндік	
Өсімдік	

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Табиғат туралы мақал-мәтел жаз. Олардың бірін тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой. Олардың қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрыңдар.

Қымыз, долана, шетен, мал, биік, самал, жел, қоныс, әсемдік, баяндау.


ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Сипаттама
Жетісу	Жетісу — жер жаннаты.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Жетісу суреттері» тақырыбы бойынша кластер құрастыр.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, мәтіндегі «Жетісу жайлы сөз қозғасақ, оның ерекше табиғаты жайлы айтпай өту мүмкін емес» деген сөйлемдегі ойды нақты фактілермен дәлелде.

ЕСТЕ САҚТА!

Ғалымдар «Жетісу» атауын жеті түрлі өзенмен байланыстырады. Алайда жеті суға жататын өзендерді көрсетуде олардың пікірлері сан тарапқа бөлінеді. А. К. Гейнс Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу өзендерін жатқызса, А.Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. Бірқатар географтар қазақта жеті саны киелі саналатынын ескертіп, өңірдің атауындағы «жеті» сөзі өзендердің санын білдірмейтінін айтады.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-14-
сабақ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Илияс Жансүгіров туралы не білесің?
2. І. Жансүгіров қашан, қай жерде дүниеге келген?
3. Ол екі жылдық курсты қай қалада бітірген?
4. Ол курстан кейін қай жерде мұғалім болып жұмыс істеген?
5. Мәскеуде қандай оқу орнын бітірген?
6. Ақын қай жылы Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы болып сайланды?
7. Илияс Жансүгіров қай жылы қаза тапты?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: І. Жансүгіровтің мерейтойы қарсаңында мектепте әдеби кеш өткізгелі жатырсыңдар. Сен ұйымдастырушысың. Қандай жоспар құрасың? Қай шығармасынан көрініс дайындайсыңдар? Қосымша ақпаратты қолданып, айтып бер.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде айтылған ақпарат бойынша өз ойыңды айт. Ақпараттың табиғатпен қандай байланысы барын айтып бер.

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Тау суреті

Тарбиған Тарбағатай — жердің құты,
Барлық, ол — «Қыдыр түнеп көшкен жұрты».
Оранған ақ көбенек, аруақты Алтай
Төгіліп бізге таман жатыр мұрты.
Ертеде сол асқардың сәулетіне
Қиыспай қырғындасқан талай жұрты.
Ақшұнақ, Жабағылы, Мыңшұқыр, Таз —
Бұлардың бәрін тізген Жоңғар тұрпы.
Аршалы, Амантекше, Қарасырық,
Қарауңгір, Қалмақасу, Қаражырық,

Сауыры Салқынбел мен Сайымбөлек,
Суығы соғып тұрад аласұрып.
Қымызын сол жайлаудың ішкен кісі
«Бәйгеге» қосад өзін таң асырып.
Шоқысын Бүркітінің Үшбүйенге
Қойыпты сәуекендей жарастырып...
...Асы — астау, отырған ел — өрелі құрт,
Құрт жайып қодырайған Бақай биік.
Албыр бет Алматыда алма әдемі,
Алғандай ақ тамақты ауызға үріп.

Илияс Жансүгіров

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Дербес пікір» тәсілін қолданып, жоғарыдағы өлең туралы пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. Өзіндік пікір (идея): бір сөйлем.
2. Дәлел: екі сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал: екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір: бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал: екі сөйлем.
6. Қорытынды: екі сөйлем.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» бағдарламалары туралы не білесің? Қосымша ақпаратты пайдаланып, шағын мәтін жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құра.

Жаһандану, отан, Елбасы, бағдарлама, өлкетану.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сынып екі топқа бөлінсін. Бірінші топ «Қазақстандағы туризм» деген тақырыпта тұсаукесер дайындасын. Ал екінші топ Жетісу табиғаты мен І. Жансүгіровтің өлеңінде сөз болған шөп, ағаш, аңдар және т.б. туралы фотоколлаж жасасын.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Қазақстандағы туризм табыс көзіне айналуы тиіс.

Н. Ә. Назарбаев

Лексикалық-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік

7. «ЭКСПО-2017» — Қазақстан белесі

алдыңғы — предыдущий; передний;
передовой

қатарлы — наравне

әмбебап — универсальный

бетбұрыс — время перемен

нағыз — настоящий

көршілес — соседний

тығыз — плотный; густой; частый

билеуші — правитель

үкімет — правительство

ерікті — добровольный

баламалы — альтернативный

шектес — смежный

демеуші — спонсор

дау — спор

тұрақтылық — стабильность

өкілдік — представительство

қауымдастық — ассоциация

құрылтай — курултай

тағайындау — назначить

тұжырымдама — концепция

күллі — весь

жекешелендіру — приватизация

қарастыру — рассматривать

елшілік — посольство

мәмілегерлік — договоренность

ру — род

іргетас — фундамент

баяндау — излагать

8. Биотехнология жаңалықтары

тірі — живой

булану — испаряться

тектес — родственный

будандастыру — скрещивать

жасуша — клетка

дерт — болезнь

ретіндегі — как

құнарлылық — плодотворность

кешенді — комплексный

қышқыл — кислый

құнарландыру — повысить плодотворность

қоспа — смесь

тұқым — семена

тығыз — плотный

ұлпа — пушистый

нәрлі — питательный

ықпал — влияние

ізденіс — поиск

дәрі-дәрмек — медикамент

асылтұқымды — племенной

көбею — умножаться

жиынтық — сводный

тағамдық — пищевой

ашыту — заквасить

күрделі — сложный

жылыжай — теплица

араластыру — смешивать

9. Болашақ энергия көздері

асыл — драгоценный

әбден — вполне

байланыстыру — связывать

бүкіл — весь

басшылық — руководство

бірталай — значительно

жалпы — общий
байланысты — связанный
басқарма — правление
несібе — доля
қосылыс — соединение
ыдырау — распускаться
енді — теперь
босқа — зря
сай — соответственный
сыйымдылық — емкость

қалау — складывать
бірігу — объединяться
шарт — условие
кезең — этап
негіздеу — обосновать
біріктіру — объединять
бөтен — посторонний
сонымен — следовательно
тұтастық — целостность

10. Алаш идеясы мен қайраткерлері

сана-сезім — сознание
меншік — собственность
тұтқындау — арестовать
бодандық — подчиненность
ілім-білім — знание
зорлық — насилие
жазалау — наказывать
алашордалықтар — алашординцы
абақты — тюрьма
аяу — жалеть
қауым — общество; община
құрбан — жертва
мұрат — заветная цель
мінбе — трибуна

тартыс — борьба
осал — слабый
қатыгез — жестокий
ұлтжанды — патриот
ақталу — оправдываться
отаршыл — колонизатор
болмыс — натура
адамгершілік — нравственность
мазақ — насмешка
намысшыл — гордый
мұрагер — наследник
қуғын-сүргін — репрессия
насихат — пропаганда
бейресми — неформальный

11. Жаһандық мәселе: демография

сан — число; количество
аштық — голод
туылғандар — рожденные
ағайынды — братья
бойдақ — холостой
егіз — близнецы
жағдай — ситуация
жәрдемақы — пособие
жетім — сирота
заңдылық — законность
қартаю — стареть
ұлғаю — увеличиваться
неке — брак

өсім — прирост
санақ — перепись
тоқырау — застой
төсбелгі — нагрудный знак
ұдайы — постоянно
үшем — тройня
жаһандану — глобализация
дүмпу — взрыв
әдетте — обычно
ажырасу — разойтись
айқындау — выяснить
элеуметтік-саяси — социально-политический

12. Роботтар мен киборгтар әлемі

бастапқы — первоначальный
бағдарламалық — программный
бұйрық — приказ
бұрылу — повернуться
жабдық — оборудование
жартылай — наполовину
мінсіз — безупречный
иелену — завладеть
дәл — точно
ажырату — разлучать
қалып — шаблон
арекеттену — попытаться

үдемелі — ускоренный
пішін — форма
жанды — живой
көптеген — многие
енгізілу — включиться
ұшырау — встречаться
құрастырушы — составитель
жалдамалы — наемный
нұсқау — указывать
адамша — разумно; по-человечески
ым-ишара — жест
өздігінен — самостоятельно

13. Қазақстандағы туризм және экотуризм

жайлы — удобный
қолжетімді — доступный
демалушы — отдыхающий
баурай — склон
насихаттау — пропагандировать
рәсімдеу — оформление
тартымды — привлекательный
телегей — высокий
үйлесімді — гармоничный
сауықтыру — оздоравливать
алғаш — впервые
алғаш кездесу — первая встреча

сақтандыру — предостерегать
ынталандыру — стимулировать
шабадан — чемодан
үйлесімділік — совместимость
заңнама — законодательство
белсендіру — активизировать
құқықтық — правовой
сапасыз — некачественный
жауһар — бриллиант
ерекшелену — выделяться
жерасты — подземный
жиһангер — путешественник

Мазмұны

7. «ЭКСПО-2017» — Қазақстан белесі.

Н.Ә. Назарбаев «Тәуелсіздік толғауы»	4
1-2-сабақ. Жаһандану және «ЭКСПО»	4
3-4-сабақ. Өмір бойы білім алу — бәсекенің талабы	9
5-6-сабақ. Қазақстан — президенттік Республика.....	13
7-8-сабақ. Н. Ә. Назарбаев «Тәуелсіздік толғауы».....	16
9-10-сабақ. «Қазақстан-2050» стратегиясы	21
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	26

8. Биотехнология жаңалықтары.

Сахиев Жүніс «Уақыт қайтарымы»	28
1-2-сабақ. Биотехнология — болашақтың ғылымы	28
3-4-сабақ. Қазақстандағы биотехнология	32
5-6-сабақ. Тағам биотехнологиясы.....	35
7-8-сабақ. Отандық медицинадағы биотехнологиялық жаңалықтар туралы білесің бе?.....	38
9-10-сабақ. «Биотехнолог маман» дегеніміз кім?.....	41
11-12-сабақ. Сахиев Жүніс «Уақыт қайтарымы» романы	44
13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	48

9. Болашақ энергия көздері. Медеу Сәрсекке «Жетінші толқын»

1-2-сабақ. Жасыл экономика	50
3-4-сабақ. Болашақ энергиясы	55
5-6-сабақ. Күн энергиясы.....	59
7-8-сабақ. Медеу Сәрсекке «Жетінші толқын» (үзінді)	62
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	65

10. Алаш идеясы мен қайраткерлері. Д. Әшімхан «Бес арыс»

1-2-сабақ. «Алаш» ұғымы нені білдіреді?	67
3-4-сабақ. Алаш қозғалысына 100 жыл.....	72
5-6-сабақ. Алаш қайраткерлері тіл мәселесі туралы	76
7-8-сабақ. Бес арыс	80
9-10-сабақ. Ахмет пен Міржақып	84
11-12-сабақ. Бес арыстың бірі — Мағжан Жұмабаев.....	88
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	92

11. Жаһандық мәселе: демография.

Абай Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері»	95
1-2-сабақ. Отбасылық құндылықтар	95
3-4-сабақ. Отбасы күні.....	99
5-6-сабақ. Тарихы тамырлас елдер	102
7-8-сабақ. Абай Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері»	104
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	107

12. Роботтар мен киборгтар әлемі.

Айзек Азимов «Мен роботпын» жинағынан үзінді	108
1-2-сабақ. Роботтехнология қалай пайда болды?.....	108
3-4-сабақ. Гуманоид роботтар туралы не білесің?	112
5-6-сабақ. «ЭКСПО-2017» көрмесіндегі роботтар	115
7-8-сабақ. Қазақстандық өнертапқыштар.....	118
9-10-сабақ. Айзек Азимовтің «Мен роботпын» жинағынан үзінді.....	121
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	124

13. Қазақстандағы туризм және экотуризм.

Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері»	126
1-2-сабақ. Туризм — мәдениет көрсеткіші	126
3-4-сабақ. Қазақстандағы туризм	130
5-6-сабақ. Қазақстандағы киелі орындар	133
7-8-сабақ. «Туған жер» бағдарламасы	135
9-10-сабақ. Ілияс Жансүгіров — лирик ақын	139
11-12-сабақ. Жетісу суреттері	142
13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	145

QR-код арқылы оқулықта берілген аудиожазбаларды тыңдау жадынамасы

Құрметті жас дос! Араларыңда QR-кодты қолдана алатындарың болуы мүмкін, дегенмен «QR-код» дегеніміз — не, ол не үшін қажет екенін еске түсіріп, білмегендер болса, түсіндіре кетуді жөн көрдік.

QR-код «Quick Response — шұғыл жауап» — өзіндік деректер база-сы, онда ақ бетте белгілі бір тәртіппен қара түсті шаршылар орналасқан. «QR-код» дегеніміз — мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді штрих-код. Арнайы қосымшаның көмегімен біз оқулықтағы кейбір мәтіндерді QR-кодқа айналдырдық, ол — URL-мекенжайдың, яғни интернет бетіндегі қажетті ақпараттың сілтемесі. Бұл — оқушыға оқу материалымен жұмыс істеу барынша ыңғайлы болу үшін жасалған.

QR-кодты сканерлеуде не білу қажет?

QR-кодты сканерлеу үшін мобильді құрылғыға арнайы бағдарламалар орнатылады. Оларды пайдалану оңай әрі ыңғайлы. iOS (iPhone) мобильді платформасында Scan қосымшасы бар, ал Android-та QR-код сканерлейтін бағдарлама көп. Соның бірі — QuickMark тиімді қосымшасы түрлі форматтағы QR-кодтарды сканерлейді, оның көмегімен сілтемелер автоматты түрде ашылады. Бүгінде жаңа смартфондар QR-кодты сканерлейтін арнайы қосымшаларды қажет етпейді, өйткені бұл функция бағдарламада алдын ала орнатылған. QR-кодты сканерлеу үшін телефон камерасын кодқа әкелесіз де қажет ақпаратты аласыз. QR-кодты смартфонның камерасы бар кез келген оқушы қолдана алады, әр оқушы шифрланған мәтіндерді сканерлеп, көркем шығармаларды тыңдай алады.



*Аудиомәтіндер
7-13-тақырып*

Электронды оқулық



Оқу басылымы Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова,
Қ. С. Жайлаубаева

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,
А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова,
К. С. Жайлаубаева

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек.
Оқулық
2-бөлім

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек.
Учебник
Часть 2

Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын 11 жылдық
жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына
арналған

Для 9 класса 11-летней
общеобразовательной школы с неказахским
языком обучения

Әдіскерлері: П. К. Юсуп, Б. Қ. Мүкеева
Редакторлары: О. С. Жұбаева, А. Б. Ахметова
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина

Методисты: П. К. Юсуп, Б. К. Мукеева
Редакторы: О. С. Жубаева, А. Б. Ахметова
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина

Фотосуретші: П. Михеев
Мұқаба әрленімі: Д. Н. Буксинова

Фотограф: П. Михеев

Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев
Беттеуші: С. Қыдырбай

Дизайн обложки: Д. Н. Буксинова
Технический редактор: Д. К. Тынбаев

Мәтінді оқығандар: Э. Баянжан, А. К. Габдуллина

Компьютерная верстка: С. Кыдырбай

Тексты читали: Э. Баянжан, А. К. Габдуллина

06.04.20. басылымға жіберілді. 70×100 1/16 форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы: 12,6.
Таралымы 70 000.
«Реформа» ЖШС-інде басылған.

Подписано в печать 06.04.20. Формат 70×100 1/16.
Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная.
Усл. печ. л.: 12,6.
Тираж 70 000.
Отпечатано ТОО «Реформа».

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 А
тел. +7 (727) 220 76 60
www.kokziek-gorizont.com

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,
г. Алматы, проспект Сейфуллина, 597 А
тел. +7 (727) 220 76 60
www.kokziek-gorizont.com